

#КүшімізБірлікте

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр.


Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ХИУАЗ ДОСПАНОВА – 100



ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



АДУЫНДЫ АПТА

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

2022 жылдың 12 мамырында сағат 15.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді. Кездесу Әуезов ауданындағы «Жетісу-1» шағынауданы, 32 А мекенжайы бойынша орналасқан Қазақ қатынас жолдары университетінде өткізіледі.

Кіру – еркін. Арнайы аккредиттелу қажет емес.

Кездесуді онлайн-режимінде «Алматы» телеарнасының YouTube-тағы парақшасында және Әуезов әкімдігінің Facebook-тегі парақшасында көруге болады:

1) <https://www.youtube.com/c/AlmatyUS>
2) <https://www.facebook.com/aezovakimat/>

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

12.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7, екпіні 10 м/с

13.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7, екпіні 10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №50 (6185) 12 мамыр, бейсенбі, 2022 жыл.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА – 30 ЖЫЛ!

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Қазақстан мен Түркия Президенттері екі ел арасындағы қарым-қатынастарды «кеңейтілген стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтеру туралы шешім қабылдады



«Шынайы досымыз, тілектес бауырымыз»

Биыл Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына – 30 жыл, ал Алтайдан басталған қазақ көшінің қасиетті Анадолы топырағына жеткеніне – 70 жыл толып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасына мемлекеттік сапары барысында осынау екі оқиғаға ерекше маңыз берді. Бүгінде бауырлас елдердің арасындағы ынтымақтастық пен ықпалдастық қарым-қатынасында және халықаралық қоғамдастықта еліміз үшін осынау екі айтулы датаның алар орны мен мәні зор.

Кеше Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған БАҚ өкілдеріне брифинг өткізді. Мемлекетіміздің басшысы Түрік кәсіпкерлерінің Қазақстанда іске асырып жатқан ірі инвестициялық жобаларымен танысты. Түркияның ірі компаниялары басшыларымен, бірқатар кәсіпкерімен жеке-жеке кездесті.

МЕРЕЙТОЙ

АЛАШТЫҢ АСАНӘЛІСІНЕ ҚҰРМЕТ



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аты аңызға айналған актер, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовті 85 жылдық мерейтойымен құттықтады.

ҚЫСҚА...

- Түркия инвесторлары Алматы қаласында фармацевтикалық зауыт салуға қаржы бөледі.
- Мәжіліс жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын қарайды.
- Мүгедектігі бар адамдарға жеке нотариустар тегін қызмет көрсететін болады.
- Бауыржан Момышұлының Ресейдегі құпия құжаттары оның немере інісіне табысталды.
- Мобильді қосымшада ЖОО гранттары туралы ақпарат жарияланады.
- Әлемдік Nickelodeon HD телеарнасы қазақ тілінде көрсетіле бастады.
- Жеке инвесторлар заңды тұлғалардың қарыздарын сатып ала алады.
- ҰБТ: Енді әр қатысушының жеке тест нұсқасы болады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ҚАЗАҚ КӨШІНІҢ ҚАСИЕТТІ АНАДОЛЫ ТОПЫРАҒЫНА ЖЕТКЕНІНЕ – 70 ЖЫЛ!

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

(Басы 1-бетте)

Алғашқы күнгі салтанатты рәсімнен кейін тараптардың шағын құрамда кездесуі болды. Мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды кеңейтуге ерекше көңіл бөле отырып, қазақ-түрік стратегиялық серіктестігінің ауқымды мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, жаһандық және аймақтық күн тәртібіндегі проблемалар қарастырылды.

Мемлекеттік сапар аясында ресми делегация мүшелерінің қатысуымен Президенттердің келіс-сөзі өтіп, тараптар Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан ары дамытудың перспективаларын жан-жақты талқылады. Ғаламдық және аймақтық өзекті мәселелерді қарастырып, халықаралық құрылымдардағы өзара ынтымақтастықты талқылады. Сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас түрік жеріне аяқ басқанда әрдайым өз үйімізге келгендей сезініп отырғандығын, Қазақстан атажұрт болса, Анадолы екінші Отанымыз деп білетіндігімізді жеткізді.

– Бүгінде Түркия саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық дамуға орасан табыстарға қол жеткізді. Өңірлік және жаһандық маңызы зор мәселелерді шешудегі белсенділігі мен табандылығы арқылы әлемдік сахнада лайықты орынға ие болды. Осы тұста қадірлі Режеп мырза, құатты Түркия елінің арманын арқаалаған саясаткер ретінде еңбегіңіздің әрдайым жемісті болуына тілектеспін. Түркия – Қазақстанның Еуразия құрлығындағы ең маңызды әрі сенімді серіктестерінің бірі. Елдеріміз арасындағы ортақ тарих пен рухани мұраға негізделген қарым-қатынастарымыз бүгінде өрістеп, стратегиялық серіктестік деңгейінде ілгерілеп келеді. Қазақ халқының «Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ» деген ұлағатты сөздері Сіздің шынайы досымыз, тілектес бауырымыз екеніңізді айшықтайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарға 30 жыл толғанын атап өтіп, қазіргі таңда Түркия Қазақстанның жетекші сауда серіктестерінің біріне айналғанын айтты.

– Түрік халқына және Президент мырзаға қонақжайлығы үшін алғыс айтамын. Біз бүгін бірқатар аса маңызды мәселелер туралы кең ауқымды келіссөздер өткіздік. Пікір алмасу мазмұнды, мағыналы болды. Президент Режеп Тайип Ердоған білімді, аса беделді саясаткер. Оның көзқарасы кең, сондықтан бұл кісінің пікірлері өте құнды. Түркия – біздің тәуелсіздігімізді алғашқы болып мойындаған ел. Оны қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Қазақстан – Түркиядан ешқашан да, ешқандай да зиян шекпеген ел. Әлі де солай жалғасып келеді. Қазақстан мен Түркия – тамырлас, бауырлас, достас мемлекеттер. Біздің шетелдегі алғашқы елшілігіміз Анкарада ашылған. Мұның символдық мәні зор. Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына биыл 30 жыл толды. Осы кезеңде біздің ынтымақтастығымыз нығайып, стратегиялық серіктестікке айналды. Ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыс, жаһандық және өңірлік құрылымдар аясындағы ықпалдастық ойдағыдай дамып келе жатыр, – деді Қазақстан Президенті.



Режеп Тайип ЕРДОҒАН:

ҚАЗАҚ БАУЫРЛАРЫМЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ТЫНЫШТЫҒЫНА АСА МҮДДЕЛІМІЗ

Түркия Президенті екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеруге әзір екенін атап өтіп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды қолдайтынын айтты: – Біз әріптестігімізді кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Түркия мен Қазақстан – ортақ тарих, тіл, дін және мәдени құндылықтардан қуат алған әрі мықты байланыс орнатқан бауырлас мемлекеттер. Біз Түркия елі Қазақстанның тұрақтылығы мен тыныштығына ерекше көңіл бөлеміз. Сіздің Жаңа Қазақстанды құру жолындағы күш-жігеріңіз бен табандылығыңызды құрметтеймін. Осы бағыттағы ауқымды реформаларыңызды қолдаймын, – деді Режеп Тайип Ердоған.



● КЕРЕК ДЕРЕК

Түркия Қазақстанның ең ірі 10 инвесторының қатарында. Экономикамызға 4 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Қазақстанның Түркияға салған капиталы – 1 миллиард доллардан астам. Соңғы екі жылда Қазақстанда 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Қазір 10 жаңа жоба пысықталып жатыр.

БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЖЕТІСТІК

Қасым-Жомарт Тоқаев Алтайдан басталған қазақ көшінің қасиетті Анадолы топырағына жеткеніне биыл 70 жыл толғанын атап өтіп, қандастарымызды сол кездегі Түркия Премьер-Министрі Аднан Мендерес құшақ жаяу қарсы алғанын еске алды. Сондай-ақ, жақында Алматы қаласындағы көшеге Түркияның осы бір аса көрнекті саясаткерінің есімі берілгенін айтты.

– Түрік жұрты Қазақстанға әрдайым тілектес әрі жанашыр екенін білеміз. Мұны ұдайы сезінеміз. Бүгінгі екіжақты кездесудің нәтижесінде маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Бұл сапар саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық, әскери-техникалық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, Транскаспий халықаралық көлік бағдарының әлеуетін толық пайдалануға екі ел де мүдделі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент геосаяси ахуал ушыға түскен қазіргі кезде мұның мән-маңызы айрықша екенін ай-

тып, қазақ-түрік ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеру үшін Кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдеме қабылдағандарын жеткізді. Сонымен қатар, түрлі саладағы байланысты жаңа белеске көтеретін маңызды үкіметаралық құжаттарға қол қойылды. Ал Үкіметаралық экономикалық комиссия сауда-экономикалық серіктестікті нығайтуға зор септігін тигізеді. Сондай-ақ, Түрік мемлекеттері ұйымы маңызды рөл атқармақ.

– Былтыр Түркімәдениет мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі толыққанды ұйым болып қайта құрылғаны қуантарлық жайт. Бұл – бәрімізге ортақ жетістік. Біз осы ұйымның аясындағы жұмысты жалғастыра беруге мүдделіміз. Сонымен қатар, білім және мәдениет саласындағы байланысты одан әрі дамытамыз деп келістік. Бұл ұйым Қазақстан үшін аса маңызды, сондықтан біз оны үнемі қолдаймыз. Жалпы, Қазақстан мен Түркияның жан-жақты қарым-қатынасын нығайтуға мол мүмкіндік бар. Бүгінгі маңызды уағдаластықтар – соның айқын көрінісі. Менің мемлекеттік сапа-

рым Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін беретініне кәміл сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осы байланысты одан әрі нығайту үшін Қазақстанда жоғары деңгейде екіжақты кездесу өткізу аса маңызды деп атап, Түркия Президенті, Режеп Тайип Ердоғанды елімізге сапармен келуге шақырғанын жеткізді. Сол кезде Нұр-Сұлтан қаласында Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің төртінші отырысы өткізілмек.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әлі ілгерілетуге дайын екенін атап өтті.

– Қазақ бауырларымыздың тұрақтылығы мен тыныштығына аса мүдделі екенімізді және сауда-эко-

● КЕРЕК ДЕРЕК

Түркия – Қазақстанның негізгі 5 сауда серіктесінің бірі. Алыс-беріс жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, 2021 жылы 5 миллиард долларға жеткен. Мақсат – осы қарқынды азайтпай, сауда-саттықты 10 миллиард долларға жеткізу.

номикалық, мәдениет, қауіпсіздік салаларында бірге болатынымызды айтқым келеді. Біз екіжақты және көпжақты қатынастарымызды нығайта береміз деп келістік. БҰҰ, Ислам ынтымақтастық ұйымдарындағы бірлігімізді арттырамыз. Атамекенімізден келіп отырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырза мен оның құрметті делегациясының келгеніне аса қуаныштымыз, – деді Түркия Президенті.

Қазақстанда жасыл экономика, IT-технология, ғарыш, өндіріс сияқты салалар толық игерілмегенін айтқан Президент барлық түрік инвесторларын осы салаларда бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Қазақстан түрік инвесторларының барлық бастамасын қолдауға және оларға қолайлы жағдай жасауға дайын. Түркияның ірі инвесторларымен кездесетінін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев кездесудің қорытындысы бойынша бірқатар коммерциялық келісім-шарттарға қол қойылатынын, олардың жалпы сомасы 1 миллиард доллар болатынын мәлімдеді. Түркия тарапына іргелі техникалық университеттерінің филиалдарын Қазақстанда ашуға ұсыныс айтылды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түрік кәсіпкерлерінің Қазақстанда іске асырып жатқан ірі инвестициялық жобаларымен танысу барысында олардың алдағы уақытта іске асырылатын бастамалары туралы сөз болды. Аталған іскер топтардың елімізге салынған инвестициялары химия, ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларын қамтиды. Мемлекет басшысы олардың елімізге салған инвестицияларына қолдау көрсетілетінін айтты.

Мемлекет басшысы жиында Қазақстанда зығыр және басқа да майлы дақылдарды өндіретін бірлескен өндіріс орындарын ашуды ұсынды. Қазақстанның Түркиямен денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға да баса мән беретінін айтты. Сонымен қатар, жаңа геосаяси ахуалға байланысты Транскаспий халықаралық көлік бағытының рөлі де айтарлықтай арта түскен.

– Транскаспий дәлізіне Құрық теңіз айлағы қосылған соң Қорғастан Стамбулға жүк тасымалдау уақыты 5 есеге қысқарды. Бұрын 60 күн жүретін жүк қазір небәрі 13 тәулікте жетеді. Біз мұндағы Қытай мен Еуропаға экспорттау жолдарын әртараптандыруды

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Қазақстан мұнай-газ саласы үшін құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жасауға ниетті. Бізде бұған қолайлы жағдай жасалған. Еліміз жан басына шаққандағы егіс алқабы бойынша әлемде екінші орын алады. Ал жайылымдық жердің аумағы бойынша бесінші орында. Еліміз астық пен үн өндірісін өркендеткен әлемдегі ең үздік 10 мемлекеттің қатарында. Біз дәстүрлі дәнді дақылдардан бөлек, 1 миллион тоннадан астам майлы дақыл экспорттадық. Қазақстан соңғы 5 жылда зығыр егілетін алқаптың аумағын 2,5 есеге ұлғайтты. Осылайша зығыр тұқымын экспорттайтын көшбасшы елдердің қатарына қосылдық. Түркия бұған дейін бізден жылына 10 мың тонна зығыр сатып алатын. Ал биылғы екі айдың ішінде 8 мың тоннасын, яғни жылдағыдан 6 есе көп алды.



● КЕРЕК ДЕРЕК

Быттыр Түркияның тікелей инвестициясы рекордтық көрсеткішке жетіп, 680 миллион доллар болды. Қазір Қазақстанда түрік капиталы бар 4 мыңға жуық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда Түркия кәсіпкерлерінің қатысуымен 61 ірі жоба іске асырылды. Оған жалпы құны 2 миллиард доллардан астам қаржы жұмсалды. Бүгінде біздің елде құны 2,5 миллиард доллардан асатын 25 бірлескен жоба жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ, құны 1,3 миллиард доллардан асатын 54 жаңа жоба қолға алынды.

қолға алдық. Соның ішінде Түркияның көлік дәліздерін пайдалана бастадық. Мұнай құбырларының өткізу қабілетін арттыру және Ақтау, Құрық теңіз айлақтарын жаңғырту жұмысы басталды, — деді Президент.

● ТУРИСТІК ЖОБАЛАРҒА ҚОЛДАУ БАР!

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияны туризм бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірі деп есептейді. Бұл ретте ол түрік компанияларының қазірдің өзінде Қазақстанның туризм индустриясын дамытуға қосқан қомақты үлесін ерекше атап өтті. Түркістандағы Керуен-сарай, «Rixos Aktau» халықаралық қонақүйі, «Tetys Blu» паркі және басқа да нысандар көпшіліктің көңілінен шығып отырғанын жеткізді.

— Туристік жобалар бойынша мемлекеттің қолдау шараларын алуға қойылатын қаржылық талап 10 есеге азайды. Каспий теңізінің Қазақстанға тиесілі жағалауының орасан зор туристік әлеуеті бар. Қонақүйлер мен емдеу-сауықтыру кешендерін, демалыс орындарын салуға Каспийдегі «Инжу-маржан» шығанағының бойы өте қолайлы. Біз күш-жігерімізді біріктірсек, осы жерде Орталық Азияға туристер тартатын жаңа орталық құра аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде инвесторлар үшін өте қолайлы әрі заманауи институционалдық орта қалыптасқанын атап өтіп, басымдық берілген инвестициялық жобаларға барынша қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

— Бұл кездесу Қазақстан мен Түркияның сауда-экономикалық ынтымақтас-тығын нығайта түсуге септігін тиізері сөзсіз. Бүгін біздің елдеріміздің компания-лары арасында 30 коммерциялық құжат-қа қол қойылды. Оның бәрі екі елдің алыс-берісін жандандыруға тың серпін береді деп сенемін. Баршаңызды бізбен бірлесіп, өзара тиімді жұмыс істеу үшін Қазақ-станға шақырамын. Ең басты мәселе — қол жеткізетін келісімдерді жүзеге асыру. Бұл өте маңызды. Сондықтан менің жеке бақылауымда болады. Жұмы-сымыз табысты болсын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

● ТҮРКИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы ескі қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар бөлімінің жәдігерлерімен танысты. Бұл бөлімде құнды зерттеулер мен құжаттарды қамти-тын ғылыми кітаптар сақталған. Бұдан кейін Қазақстан Президентіне Жиханну-ма залы (Cihannuma Hall) көрсетілді. Бұл жерде 100-ден астам елден әкелінген және 134 тілде жазылған шығармалар оқырман назарына ұсынылады. Сонымен қатар, мұнда тарихта болған 16 түркі мем-лекетіне арнап жазылған еңбектер бар. Мемлекет басшысы көне түркі мемлекет-тері заманын, Алтын орда және Тәуелсіздік кезеңдерін қамтитын бірнеше кітапты кітапхана қорына сыйға тартты.

● ТҮЙІН:

Президенттер келіссөз нәтиже-лерін екі ел арасындағы сан қырлы қатынастарды кеңейтілген стра-тегиялық серіктестік деңгейіне кө-терудің бірден-бір мүмкіндігі ретінде атап өтті. Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы-ның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Республикасы-ның Президенті Режеп Тайип Эрдо-ған кеңейтілген стратегиялық серік-тестік туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● МЕРЕЙТОЙ

АЛАШТЫҢ АСАНӘЛІСІНЕ ҚҰРМЕТ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі әртіске Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мемлекеттік хатшы Ерлан Қариннің құттықтауын жеткізді. Асанәлі Әшімов құттықтаулар мен ізгі тілектерді жақындарының ортасында қабылдады.

● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 77 ЖЫЛ!

АРДАГЕРЛЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Алматыда Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған ауқымды мерекелік іс-шаралар өтті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қатысуымен 28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябақта Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Мемориалға Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері мен қала тұрғындары да гүл шоқтарын қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне салтанатты түскі ас ұйымдастырылды, оның барысында қала басшысы майдангерлерді мерекемен құттықтап, соғыс жылдарындағы ерліктері үшін алғыс білдірді және ұзақ өмір тіледі.

«Ерліктеріңіз, бейбітшілікті сақтап қалғандарыңыз, бүгінгі болашағымыз үшін сіздерге бас иіп, тағзым етемін. Сіздерге зор денсаулық, жақсы көңіл күй тілеймін. Сіздерді аразыда жиі көріп, қызық әңгімелеріңіз бен құнды кеңестеріңізді тыңдағымыз келеді. Сіздермен жиі кездесетін боламыз», — деді Ерболат Досаев.

Кездесу барысында ардагерлер естеліктерімен бөлісіп, өлеңдерін оқып, майдангер әндерін шырқады.

«Біз әлемді бағындырдық, азаттықты жеңдік. Дәл қазір аразыда жүргендер, балаларымыз, немерелеріміз, шөбере-леріміз жеңіске жеткеніміздің арқасы. Егер бұл болмағанда, сіздердің ешқайсылары-ңыз бізбен бірге тұрмас едіңіздер. Жеңіс күнімен құттықтаймын және ұзақ ғұмыр тілеймін. Осы мерекелік дастархан басын-да бірнеше рет кездесетіндей өмір сүріңіз, қуаныңыз», — деді Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері Владимир Белозеров.

«Бізден көп адам қалған жоқ. Мерекені тойлауға баршамызды жинаған әкімдікке мың алғыс және еңбегіміз үшін, жеңіс үшін рахмет. Бұл — бүкіл әлемнің ұлы ме-рекесі. Панфилов дивизиясында басынан аяғына дейін қызмет еттім. Осы айтулы күні сіздермен бірге болғанымашын жү-рекпен қуаныштымын», — деді аты аңызға айналған 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясының көзі тірі соңғы жауынгері Қайырлы Жоңқабаев.

Майдандағы жауынгерлер әкімге ерекше көңіл бөліп, мерекелік шараларды ұйымдастырғаны үшін алғыстарын білдірді. Ерболат Досаев қаланың ардагерлерге жан-жақты тұрақты қолдау көрсету-ге қабілетті екенін және көрсетуге міндетті

Кездесу барысында қала әкімі әртістің театр өнері мен кинема-тографтың дамуына қосқан зор жеке үлесін атап өтті. Ең жарқын және есте қаларлық рөлдерді актер отандық киноның алтын қорына енген «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Жаушы» және т.б. фильмдерде сомдады.

«Сізді мерейтойыңызбен ерекше құрметпен құттықтаймын! Сіз шын мәнісінде бүкілхалықтық сүйіспеншілікке лайықсыз. Біздің бірнеше ұрпағымыз сіздің фильмдеріңізде өсті. Сіз отандық кино тарихында ерекше орын аласыз. Бүгін өнер сала-сындағы бастамалар мен жобаларды қолдайсыз және ілгерілетесіз, жастарға тәлім беріп, елімізді шетелдерде дәріп-тейсіз», — деді Ерболат Досаев аты аңызға айналған актерге ұзақ өмір және шығарма-шылық жетістіктер тіледі.

Қазіргі уақытта Асанәлі Әшімов бел-сенді жұмысын жалғастырып, Қазақстан театрлары қауымдастығын басқарады, М.Әуезов атындағы Мемлекеттік акаде-миялық театрдың, сондай-ақ «Қазақ-фильм» киностудиясының көркемдік же-текшісі болып табылады.

Асанәлі Әшімовтің мерейтойына ар-налған салтанатты іс-шара 2022 жылғы 27 мамырда Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында өтеді. Шара барысында театр және кино шеберлеріне алғаш рет «Асанәлі» сыйлығы табыс еті-леді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

екенін атап өтті. Қала басшысы барлық ардагерге қамқорлық көрсетуді, оның ішінде ай сайынғы медициналық қызмет арқылы денсаулығын тексеріп тұру үшін үйлеріне барып тұруды және оған ерікті-лерді белсенді тартуды тапсырды.

Сондай-ақ, 28 гвардияшыл-панфилов-шылар атындағы саябақта әскери техника-лардың көрмесі өтіп, қала тұрғындары мен қонақтары үшін дала асханасы ұйымда-стырылып, әскери оркестрдің қатысуымен мерекелік концерт қойылды. Мерекелік шараларға 250-ден астам өнерпаз жұмыл-дырылды.

Қаланың барлық ауданында ауқымды мерекелік шаралар өтті. Мереке күні мың-даған қала тұрғыны «Батырларға тағзым» шеруіне қатысып, соғыста қаза тапқандар-ды еске алып, Мәңгілік алауға гүл шоқта-рын қойды.

Соғыс жылдарында 1,3 миллион қа-зақстандық майданға шақырылды. Қазақ-станнан 100 мыңнан астам жауынгер жауынгерлік ордендермен және медаль-дармен марапатталды, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Алматыда бүгінде барлығы 75 Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады.



#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық 10 бастама:

ӨКІЛДІ БИЛІК ТАРМАҒЫН ҚАЙТА ҚҰРУ

■ Президенттің өкілеттігі біртіндеп қысқарып, Парламенттің рөлі айтарлықтай артады. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғыры нығаяды. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

■ Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс.

■ Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырылған жөн. Осы орайда, Мемлекет басшысы Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдады. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

■ Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы жойылады. Бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды.

■ Сенат әр өңіріміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналуға тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсере алмайды.

■ Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізілгені дұрыс. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

■ Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемілік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

■ Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет. Осы орайда, Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құру ұсынылады. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

■ Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

■ Мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет. Заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ Мемлекет басшысының аймақ басшыларының мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталып, өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі парламенттік мәдениеті жоғары және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«Дауыс беруге шақырамыз»

Алматыда жастар ұйымдары 5 маусым күні өтетін референдумға байланысты «Дөңгелек үстел» өткізді.

Жиынға барлық белсенді Алматы жастары және әртүрлі ұйымдардың төрағалары қатысты. Атап айтқанда, қала аудандарының жастар ресурстық орталық өкілдері, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры ұйымының басшысы, «Қазақстан еріктілер лигасының» төрағасы, «Qatqor» қоғамдық қорының төрағасы, «Ассамблея жастар» ұйымының мүшелері, «G38» қозғалысының өкілдері және басқа да ұйымдардың атынан белсенді азаматтар қатысты.

Іс-шараға қатысушылар референдумға байланысты ойларын ортаға салып, оның маңызы мен мәнін талқылады. Ұйым басшылары жастар мен жалпы халық арасында референдум жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізудің өзектілігіне аса мән берді. Сондай-ақ, қоғамдық ұйымдардың өкілдері өзара байланыс орнатып, біріге жұмыс істеудің маңызына да тоқталды. «Дөңгелек үстел» басында пікір алмасқан соң жас белсенділер ортақ пікірге келді.

«Біз – Алматы жастарының, азаматтық қоғамның белсенді өкілдері – Мемлекет басшысының Конституцияға ұсынылатын түзетулерді референдум аясында жалпыхалықтық дауыс беруге шығару туралы шешімін қолдаймыз. Біз барлық алматылықтарды белсенді азаматтық ұстаным танытып, республикалық референдумда дауыс беруге қатысуға шақырамыз», – деп жастар ұйымдары бірігіп, Алматы халқына үндеу жасады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ТАЛҚЫЛАУ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ЖАРҚЫН ӨМІР КЕПІЛІ

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясында Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Владимир Васильевич Волковпен кездесу өтті. Оған екі жүзден астам профессорлық-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты. Жиынды Академия ректоры Өмірәлі Шакарпұлы Жалаири жүргізді.

Сенатор елімізде үстіміздегі жылдың 5 маусымында өтетін жалпыхалықтық референдумның, Президент Жолдауының, жаңа Қазақстанның бағдарлары жайлы түсіндірді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына қатысты Президент аманатын орындау жолындағы күн тәртібіндегі мәселелерге маңыз берді. Зайырлы Жаңа Қазақстанымыз осындай олқылықтардың орнын толтыруы керек деп санаймын. Елдегі басты Заң халықтың қалауымен қабылдануы керек. Демек, заң шығару ісіне халықтың өзі тікелей қатысады деген сөз. Яғни заң үстемдігі – жарқын өмір кепілі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет. Ата Заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс», – деген тұжырымы аясында спикер мен жастар арасында өрбіген әңгіме Отанға қызмет пен құрмет, азаматтық парыз, патриоттық рух тақырыбына ойысып, кездесу тағылымдық-танымдық кешке ұласты.

Владимир Васильевич Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзінің әрбір Үндеуінде білім беру сапасын арттыруға, қоғамымызда заң үстемдігінің салтанат құруына ерекше назар аударатынын, бұл салада шешілмеген түйінді мәселелер бар екенін, соған орай заңгерлер даярлауға байланысты түрлі өзгерістер болып жатқанын тілге тиек етті. Мә-



селен, Қазақстанда биыл заңгерлік бағыттағы ЖОО-ға түсу үшін ҰБТ-ның шекті балы көтеріліп, оқу орындарының саны қысқарғанын, соңғы жылдары заңгерлерді дайындау сапасы жиі сынға ұшырайтынын, мұның қоғам дамуына кері әсер ететін қынжыла айтты.

Спикер заңгерлерді даярлайтын оқу орындарының көптігіне, соңғы бес жылда 82 мыңнан астам заңгер диплом алғанымен, өкінішке орай олардың біразының білімі замана талабына сай келмейтінін, себебі, заң саласына мүлдем қатысы жоқ жоғары оқу орындарының ақша табу үшін заңгерлер даярлап, студенттер тиісті материалдық-техникалық базасы жоқ жоғары оқу орындарында білім алатынын мәлім етті. Бүгінде «Құқық» бағдары бойынша 45 мыңнан астам студент білім алып жатқанын, жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыста құқықтық салаларға сұраныстың аздығын атап өтті. Бұл заңгерлер санын шектеу емес, қайта құқықтық сауаты, мәдениеті жоғары мамандардың қай салада болсын өз орнын табатынына, осыған орай саннан сапаға көшу үдерісі басталғанын қадап айтты.

Өз кезегінде Академия оқытушылары мен студенттері мәртебелі мейманға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, жиын соңы заң саласындағы өзекті мәселелерге арналған жарасымды пікірталасқа ұласты.

Гүлбаһрам ЖЕБЕСІН.

ШТАБ

ҚОҒАМДЫҚ ҚОЛДАУ ШТАБЫ

ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Алматыда референдумның мән-маңызын көпшілікке түсіндіру жұмысымен айналысатын қалалық қоғамдық штаб құрылды. Құрамына 20-дан аса қоғам белсендісі кірген топта ардагерлер кеңесі мен үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері бар.

Қоғамдық штабтың басты мақсаты – Мемлекет басшысының жалпыхалықтық референдум өткізу жөніндегі бастамасын көпшілік арасында кеңінен түсіндіру. Осылайша ауқымды саяси өзгерістерге дайындау.

Қоғамдық кеңестің төрағасы Рахман Алшановтың пікірінше, референдумның маңыздылығы туралы қоғам толыққанды ақпарат алуы тиіс. Сондықтан әр ауданда жеке штаб құрылып, олар түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Штаб мүшелері референдум кезінде Алматы қаласы тұрғындары белсенді болады деп сенеді. Себебі, мегаполис – республикадағы халық саны мен ауқымы жағынан ең ірі қала. Бүгінде бір ауданның өзінде 300 мыңнан аса халық тұрады.

«Бүгінгі таңда Екінші Республиканың басты айырмашылығы – оның фишасы деп айтсақ болады, бұл халықтың ой-пікірімен танысу. Ол мынау әлеуметтік желіде болсын, бірден көрініс тауып отыр, шешімдер қабылданып жатыр. Соның нәтижесінде халық өзінің ойының, даусының бар екендігін сезінеді, түсінеді. Содан кейін барып, саяси белсенділік арта түседі», – деді саясаттану ғылымының докторы, профессор Жомарт Сімтіков.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



БРИФИНГ

Мемлекеттік емес ұйымдар референдумды қолдайды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған референдумға байланысты Қазақстан азаматтық бірлестіктері онлайн-конференция өткізді



Досбол
АТАЖАН

Шара барысында әр аймақтан азаматтық бірлестіктің өкілдері алдағы айда өтетін жалпыхалықтық референдумға байланысты пікірлерін білдірді. Конференцияға қатысушылардың көпшілігі Мемлекет басшысының бастамасына оң көзқарастарын танытып, бұл шешімді қолдайтындарын айтты.

Алматылық белсенділердің атынан Алтынай Көбеева және Александр Братенков қатысып, сөз сөйледі.

– Менің ұстанымым – референдум халық билігін көрсететін маңызды шара болғандықтан, оны барынша қолдап,

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

1. Суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, Президенттік республика моделіне өту.
2. Биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу.
3. Парламенттің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі.
4. Халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту.
5. Азаматтардың құқын қорғау тетіктерін күшейту.



көпшілікке кеңінен насихаттау керек. Себебі, референдум тек демократияның көрінісі емес, ол халық санасы мен азаматтық жауапкершіліктің деңгейін байқататын тәсіл, – деді Александр Братенков.

Сондай-ақ, азаматтық бірлестік өкілі референдумның мемлекет болашағы үшін маңызы туралы да сөз қозғады:

– Референдум маңызына тоқталсақ, біріншіден, бұл бастама саяси жүйені өзгерту арқылы «Екінші Республиканы» құруға мүмкіндік береді. Екіншіден, референдум бірінші Президенттің заңдағы өкілеттілігіне нүкте қояды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз бастамасы арқылы барлық билік өкілдеріне үлгі көрсетіп отыр. Сондықтан біз, мемлекеттік емес ұйымдар референдумды қолдаймыз, – деді ол.

Қаламгерлер де қолдау білдірді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында Жазушылар одағы хатшылығының кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға еліміздің белді қаламгерлері қатысты. Олар Мемлекет басшысының конституциялық реформа бойынша референдум өткізу туралы шешімін қолдады.

«Бұл өте маңызды шешім. Бұл еліміздің тарихындағы жаңа белесті білдіреді. Қазір көп нәрсе халыққа, оның үстіне азаматтық ұстанымын білдіретін әрбір адамға байланысты. Біз тарихтың жазушылары, куәгерлері, шежірешілері ретінде референдум өткізу идеясын бірауыздан қолдаймыз», – деді айжан, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет.

Өз кезегінде жазушы-публицист Марат Токашбаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетудің маңызы зор екенін айтты.

«Біз Қазақстан тарихының жаңа тарауын жаза бастадық және кез келген адам референдумға қатысу арқылы бірлескен автор бола алады. Бұл шынымен де өте маңызды», – деп атап өтті жазушы.

«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Дәурен Қуат та



референдумды қолдап, бұл тарихи қадамның маңыздылығына тоқталды.

«Сөзсіз, референдум ел үшін ең маңызды қадам және оның қалай өтетіні көп жағдайда бізге, оның әрбір адам үшін қиыншылықты маңызды екеніне байланысты. Бұл тарихи оқиға, оның маңызы туралы айтуымыз керек», – деді ол.

Жиын қорытындысы бойынша Қазақстан Жазушылар одағы хатшылығының мүшелері референдумды бірауыздан қолдады.

#РЕФЕРЕНДУМ2022

2022 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 мамырдағы №888 Жарлығымен тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өтеді



ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті референдумға қатысушы!

Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылуы кепілі болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңді біліп, тізімге енгізілуіңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршаныңды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ПІКІР.ТІЛЕК.ҰСЫНЫС



Айжан СҚАҚОВА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
Экология мәселелері және табиғат
пайдалану комитетінің мүшесі:

Саяси жүйе өзгереді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға түзетулер бойынша референдум өткізуді ұсынды.

«Референдум әрбір азаматқа тікелей қатыса отырып, ел тағдырын шешуге мүмкіндік береді және жан-жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жөніндегі бағытымызды нығайтады», – деді Мемлекет басшысы.

«Қазақстанның Халық партиясы» фракциясының кеңейтілген отырысын өткізіп, Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысында сөйлеген сөзі мен референдум жөніндегі ұсынысын талқылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабына негізделген референдум туралы шешім әрбір қазақстандыққа еліміз үшін аса маңызды, республикамыздың Ата Заңы мен саяси жүйесін трансформациялау процесіне қатысуға мүмкіндік береді деп санаймыз!

Фракция Президенттің шешімін қолдайды және отандастарымызды референдумға белсенді қатысуға шақырады!



Асқар НАЙМАНТАЕВ,
актер:

Референдумнан не күтеміз?

Театрда дайындық арасында осы мәселені сөз қылдық. Конституция өзгеруі керек екен, онымен келісеміз. Тек қана

Ата Заң емес, Жаңа Қазақстан болған соң көптеген өзгерістер керек екенін де сезіп жүрміз. Президент көңілге сенім ұялатып жатыр, демек оның өмірімізге өзгеріс әкелетін бастамаларын қолдау қажет.

«Қарадала театры» еліміздегі екі ұлттың өнерпаздарының басын қосып, сол екі ұлттың да рухани қазынасына қызмет ететін ерекше құрамы бар жалғыз театр. Жоғары жастағы дөкей де, мәдениет және спорт министрлігі де, облыс, аудан басшылары да осының байыбына бара бермейді. Өнерге көңіл көтеру құралы ретінде ғана баға беру қалыптасқан қоғам болуды тоқтатып, ұлттық мәдениетті бағалайтын, қадыр-қасиетін бағамдайтын ел болуға ұмтылған жөн. Қазіргі қымбатшылық қысқан кезде мәдениет қызметкерінің жалақысы да өсіп, өзіне «атқа жеңіл телпекпай» ретінде қараған ағайынның қатарында мәртебесі де өскені дұрыс болар еді.

Кез келген шараға әкімшілік бұйрығымен тегін сенделмей еңбегінің бағалануын қалайды ауыл өнерпаздары. Референдум осындай оң бастамаларға бастайтын, Ұлттық өнерді өгейсітпейтін, ауыл мәдениетінің мәртебесін асқартатар жол деген үмітпен қолдау көрсетеміз!

Барлық қазақстандықтарды бей-жай қарамауға және референдумға белсенді қатысуға шақырамыз!

Материалдар Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес «Алатау Ақпарат» ЖШС-нің тапсырысы бойынша шығарылды. Жауапты тұлға – Т.Р.Данияров. Басылым атауы – «Almaty akshamy». Бейсенбілік таралымы – 6413 «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

250-ден астам техника жұмылдырылды

Шаһарда толассыз жауған жауынның салдарынан көшелер мен бірнеше ауланы су басып қалды. Қатты жаңбыр кеше 14.40-та басталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Абаттандыру қызметтерінің жұмысы бойынша жедел мәлімет келіп түсті.

Су басудың алдын алу және жою мақсатында мердігерлік



ұйымдардың кезекшілігі ұйымдастырылды. Суды кедергісіз ағызу және сорып алуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін жалпы саны 609 адам, 252 бірлік арнайы техника және 24 мотопомпа жұмылдырылды. Құм салынған 2050 қап дайындалды.

«Қазгидромет» РМК болжамына сәйкес, алдағы 3 тәулік ішінде үзіліспен жауын-шашын болады деп күтілуде.

«Алматы қаласының құтқару қызметі» кеше 06.00-ден 15.00-ге дейін атқарылған жұмыстар туралы анықтама берді.

Құтқару қызметіне жел екпінінің күшеюіне байланысты «109» пультіне апатты ағаштар мен сынған бұтақтардың құлауына байланысты 16 өтінім келіп түсті. Сағат 15.00-дегі жағдай бойынша осындай оқиға болған 5 жер арнайы тексерілді. Автокөлікке ағаштың құлауы бойынша 1 жағдай тіркелді. 12 адам, 6 бірлік (3 АСМ, 1 - АПП-18) техника жұмылдырылды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Жаңа бағыттағы автобустар жолға шықты

6 мамырдан бастап Алатау ауданында «Мәдениет» ТК – «Өжет» шағынауданы бойынша №24 көліктің қалалық жаңа бағыты өз жұмысын бастайды.

Қозғалыс сызбасына сәйкес автобустар «Мәдениет» ТК-нен Саин көшесі бойымен Үлкен Алматы каналынан Солтүстік айналма жолға дейін, Бекболат көшесінен солтүстікке қарай «Өжет» шағынауданына дейін барады және кері қатынайды.

Желіде 6 автобус жұмыс істейтін болады.

Естеріңізде болса, қала әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында ауданның өзекті мәселелерінің бірі – көлік бағыттары желілері мен жылжымалы құрамның тапшылығы атап өтілген еді. Алатаулықтарды қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету мақсатында алты шағынауданда 2 жаңа маршрут ашылмақ. Оның ішінде 4 бағыт (25, 57, 129, 132) ұзартылып, 4 бағыт күшейтіледі (№109, 115, 122, 125,) сондай-ақ, №103 бағыттағы көліктер жаңарады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

70 шақырым жаңа жол салынады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда жол-құрылыс жұмыстарының маусымы басталды. Мамандар 224 көшеде жол жабынына орташа жөндеу жүргізуді жоспарлап отыр. Жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы 200 шақырымды құрайды.



Ағымдағы жылы «Қайрат», «Әлмерек», «Алғабас», «Ақжар» және «Шаңырақ-1» шағынаудандарында 70 шақырым жаңа жол салу

жоспарлануда. Бұл жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы қала жолдарының үлесін 86%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде мердігер ұйымдармен техникалық қадағалау анықталып, аудандық маңыздағы көшелерде жол жөндеу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Аудандық маңызы бар 6 көшеде – Абай даңғылы, «Ақсай-2» шағынауданындағы Алданов, Ақтөбе, Семиятов көшелеріндегі өтпелі жолдар мен Айриха көшесінде жөндеу жұмыстары басталды. Жолдардың ұзындығы 5,9 шақырымды құрайды. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша әл-Фараби даңғылын жөндеудің орнына «Шаңырақ-1», «Ақбұлақ» және «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы көшелер жөнделетін болады.

Ал қаланың күретамырлары болып табылатын ШААЖ, Саин, Рысқұлов, Райымбек, Сейфуллин даңғылдары мен басқа да магистральды көшелерді жөндеу жұмыстары оқу жылы аяқталғаннан кейін басталады деп жоспарланған. Жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың 30 тамызына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

Vision Zero тұжырымдамасына сәйкес орташа жөндеуді жүргізу аясында көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшелерде трапеция тәрізді жасанды кедергілерді, қауіпсіздік қақпақтарын, қауіпсіздік аралдарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Бүгінде қаланың көше-жол желісінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол жұмыстарына 12 бригада, 28 арнайы техника және 96 жол жұмысшысы жұмылдырылған. Магистральды көшелер мен апатты учаскелерде жалпы ауданы 15 мың шаршы метрден астам шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу барысында 257 люк көтеріліп, 421 метр жиек тегістелді.

Естеріңізде болса, қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қалада жол-құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау күшейтілген еді. Шаһар басшысы мердігер ұйымдарға жол инфрақұрылымының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жаңа технологиялар мен берік материалдарды қолдануға тапсырма берді. Сонымен қатар, Жол активтері сапасының ұлттық орталығына магистральдық көшелердегі ғана емес, аудандық маңызы бар көшелердегі жұмыстарға да бақылауды күшейтуді тапсырды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында

387,8 млрд
теңгеге

өнеркәсіп өнімі өндірілді



Alma Qala еріктілер бастамасының қатысушылары тоғыз жыл ішінде

100 мың
көшет отырғызған



Жыл басынан бері экономиканы қалпына келтіру бойынша қалаға

248 млрд
теңге

инвестиция тартылды



Биыл шаһарда

70 шақырым
жаңа жол салынады



Алматылықтардың

99,2%-ы
газға қосылған



«ALMATY BUSINESS–2025»

ҚОЛДАУ БАР!

Алматыда шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдануда



Алматыда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында қаржылық және қаржылық емес қолдау тетіктерінің кең жиынтығы іске қосылған.

2022 жылы мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар (БЖК–2025, «Қарапайым заттар экономикасы», АӨК, «Алматы бизнес 2025», «Алматы бизнес») аясында бизнесті қолдауға 42,2 млрд теңге бөлінді, жалпы кредит сомасы 8,3 млрд теңгеге 110-нан астам жоба мақұлданды.

Қаңтардағы тәртіпсіздіктер барысында зардап шеккендер үшін қаржылай емес қолдау шаралары ретінде ШОБ субъектілеріне несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, ірі сауда объектілерінде жалға алуға жеңілдіктер берілді, белгілі бір кезеңге коммуналдық объектілерде жалдау ақысын алу алынып тасталды. «Almaty Business–2025» қалалық бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Зардап шеккен кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету бөлігінде жылдық 2% мөлшерлемен (12 айға дейінгі мерзіммен 10 млн теңгеге дейін, кепілмен және кепілдікті қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда «Алматы» АҚ ішінара кепілдігімен) жаңа кредиттік өнім енгізілді, кепілсіз кредиттеу бойынша мөлшерлеме 12%-дан 9%-ға дейін (сомасы 6 млн теңгеге дейін кепілмен қамтамасыз ету мерзімі 24 айға дейін) төмендетілді, Almaty Finance және Almaty МҚҰ қарыз алушылары үшін негізгі қарызды өтеу бойынша мерзімін кейінге қалдыру және айыппұлдар мен өсімпұлдардан 180 күнге дейін босату ұсынылды. Аталған қолдау шараларын іске асыруға жергілікті бюджеттен 6,3 млрд теңге бөлінді.

Алматылық кәсіпкерлер әкімнің тұрғындармен кездесулерінде қаңтар оқиғаларынан кейінгі залалды өтеу жолдарының барынша тиімді болғанын бірнеше рет атап өткен болатын.

«Мен әйелдер ішкі киімдер дүкендерінің иесімін. Қаңтар оқиғаларынан кейін менің біраз сату орындарым бұзақылар шабуылына тап болды, бірақ мемлекеттік бағдарламалар аясында барлық залал қысқа уақыт аралығында орнына келтірілді. Шыны керек, бұл мемлекеттік атқарушы органның ұйымдасқан сапалы жұмысы болды», – деді Пименов Константин.

Әлеуметтік жобаларды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. 2021-2022 жылдары «Алматы» ӘКК» АҚ инвестициялар сомасы – 131 млн теңге, 72 жұмыс орнын құрумен 9 жобаны іске асырды.

Алматыда ШОБ үшін шағын өндірістік парктер де белсенді дамуда. Бүгінгі таңда 670-тен астам жұмыс орнын құрумен 8 өндірістік парк (инвестиция сомасы – 4 млрд теңге) іске асырылды. Өндірістік парктерде тамақ, жеңіл, жиһаз және құрылыс өнеркәсібі салаларында 53 кәсіпорын іске қосылды. Алматы қаласының Индустриалды аймағында жалпы ауданы 76,5 мың ш.м. тағы 12 жаңа өндірістік парктің құрылысы жүргізілуде, 2100-ден астам жұмыс орны ашылады. Инвестиция сомасы 8,6 млрд теңгені құрайды.

Бизнесті қолдау және дамыту мақсатында «Qoldau» кәсіпкерлік орталығы жұмыс істейді, ол Алматы қаласындағы ШОБ-ке «бір терезе» қағидаты бойынша кеңес береді. Жыл басынан бері 28,3 мыңнан астам кеңес берілді, 500 бизнес-жоспар/жоба әзірленді, 475 млн теңге сомасына қаржыландыруға дейін 17 жобаға қолдау көрсетілді, 219 рұқсат құжаттары алынды, 2 589 тыңдаушы оқу курсынан өтті.

АНЫҚТАМА: Ағымдағы жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша Алматы қаласында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны – 217 822, 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 10,5%-ға өсті.

БАҒА

Азық-түлік бағасына келгенде бірден ойға оралатын мәселе – қанттың қымбаттауы. 2022 жылдың басынан бастап қант 36,1%-ға қымбаттады. Наурыз айының ортасында қанттың бір килограммы орташа есеппен 396 теңгені құраса, бір айдың ішінде бұл көрсеткіш бірден 33,2%-ға көтерілді. Жалпы, бір жыл ішінде қант 50,2%-ға қымбаттады. Бағаның ең көп жылдық өсуі Алматыда (плюс 70,1%), сондай-ақ Қостанай облысында (плюс 64,7%) және Жамбыл облысында (плюс 60,5%) тіркелген.

Мұндай әлеуметтік маңызы бар тауар бағасының өсуі жалпы қымбатшылыққа әкелуі мүмкін. Себебі, қант өндірісте шикізат ретінде кеңінен қолданылады. Ұннан жасалған тәтті тоқаштардан бастап, күнделікті ішіп жүрген сусынымызға дейін қантсыз жасалмайтыны белгілі. Қазірдің өзінде біраз өндіріс орындары қанттан тапшылық көріп, жабылудың алдында тұр. Кәсіпкерлер қымбатшылықтың бастауына Ресейдің өзге елдерге қант шығаруға тыйым салуы негіз болғанын айтады. РФ Экономикалық даму министрлігінің түсіндіруінше, шектеу биылғы 31 тамызға дейін белгіленіп отыр.

Мысалы, ҚР алкогольсіз сусындарды өндірушілер қауымдастығы РФ Үкіметі енгізген Ресейден қант шығаруға тыйым салуға байланысты ҚР сауда және интеграция министрлігіне, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына ашық хат жолдап үлгерген. Қауымдастық өкілдерінің пікірінше, қазіргі жағдай көптеген кәсіпорындардың жабылуына және соңғы 25 жыл ішінде құрылған бүкіл саланың жойылуына әкелуі мүмкін.

Өкінішке орай, қазақстандық қант өндірушілер өзге компанияларды қантты тиісті сапада талап етілетін көлемімен қамтамасыз ете алмайды, қант шектеулі мөлшерде және 100% алдын ала төлем жағдайында жіберіледі, ал олардың көпшілігінде айналым қаражаты жетіспей жатады. Сондай-ақ, шикізат қанттың шектеулі көлемінің, жеткізілімдер проблемаларының салдарынан жергілікті өндірістегі қант бағасының тұрақты өсуі үшін жағдай жасалды, мәселен, соңғы бірнеше аптада қазақстандық өндірушілердегі қант бағасы 400 теңгеден 460 теңгеге дейін көтерілген.

«Өздеріңіз білетіндей, Ресей біржақты тәртіппен – Үкіметтің 2022 жылғы 14 наурыздағы №361 қаулысымен Ресей Федерациясынан ақ қант пен ішкі құрақ қантын әкетуге тыйым салды. Одан бөлек, 2018 жылы арнайы инвестициялық келісім-шарт шеңберінде ақ қантты базисіз әкелуге шектеу

МОНИТОРИНГ

Азық-түлік бағасы – бақылауда

Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы қатаң тексеріліп, бағаны негізсіз көтеру заңмен қудаланады

Парламент Мәжілісінің отырысында депутат Еділ Жаңбыршин наурыз айында азық-түлік бағасы Қазақстан бойынша біршама көтеріліп, 36 пайыздан 47%-ға дейін өскенін мәлімдеген болатын.

Содан бері жер-жерде мониторингтік топтар өз жұмыстарын бастап кетті. Алматы қаласында аудан әкімдігінің, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының, Сауда департаменттерінің, Мемлекеттік кірістер басқармасының, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының, Бәсекелестікті қорғау және дамыту басқармасының, Алматы қаласы Прокуратурасының келісімі бойынша Төтенше жағдайлар басқармасының өкілдері кіретін топ құрылды.

Жұмыс тобымен азық-түлік дүкендері мен үй жанындағы дүкендерде, сауда орындарында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (бұдан әрі – ӘМАТ) қоюға рұқсат етілген 15% саудалық үстеме бағаны сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тексеру барысында кәсіпкерлерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу бағасынан оларға қойылатын 15%-дан астам бағаны көтергені және рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларын (олардың белгіленген бағасына қарап) көтергені үшін, оның жауапкершілігі туралы хабарлама жолданады. Бағаны көтеру фактілері анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексінің 204-4-бабына сәйкес, шаралар қабылданатын болады. Атап айтқанда, саудалық үстеме бағаны көтергені үшін кәсіпкерге бірінші жолы ескерту беріледі, бұзушылық қайталанған жағдайда, 10 айлық есептік көрсеткіштен 300 айлық есептік көрсеткішке дейінгі (30 630 теңгеден 918 900 теңгеге дейін) мөлшерде айыппұл салынады. Белгіленген шекті бағаны бірінші рет көтергені үшін 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (306 300 теңге), бұзушылық қайталанған жағдайда, 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (612 600 теңге) айыппұл салынады. «Бүгін біз «Арыстан» базарында сауда қызметін реттеу бойынша заңға сәйкес түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз. Яғни әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бастапқы бағасына 15%-дан артық үстеме бағасын қою заңмен қудаланатынын ескертудеміз. Бұдан кейін тұрғындардан бағаға қатысты шағым түскен жағдайда тиісті тексеру жұмыстары жүргізілетін болады. Шағымды біздің басқарма нөмірлеріне хабарласу арқылы түсіруге болады», – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Омаров.

Басқарма өкілінің айтуынша, мұндай рейдтік іс-шаралар былтыр бастау алып, жалпы 26 әмбебап базарын және Алматы қаласындағы 3600 «үй жанындағы» дүкендерді қамтиды. Қазіргі уақытта оның ішінде 600 дүкен мен 6 базар саудагерлеріне баға саясаты түсіндіріліп үлгерді.

Алайда, тексеру барысында ешбір саудагерге негізсіз жала жабылып, әділетсіздік орын алмауы үшін біршама шаралар жүргізіледі. Алдымен тауарлардың бастапқы бағасына келер болсақ, әр сауда орнының тауарлық жүкқұжаты қаралады, соған сәйкес 15%-дық үстемасы есептеледі. Алайда, тауарлардың көтерме бағасы о бастан жоғары болса, азық-түлік бағасын одан әрі түсіруді талап ету негізсіз болар еді. Сондықтан басқарма қызметкерлері саудагерлерге әлеуметтік маңызы бар тауарларды тікелей арзан сатып алудың жолдарын қарастырған.

Қолданыстағы сауда заңнамасын сақтау мақсатында кәсіпкерлерге баламалы нұсқа – Қазақстан Республикасының ірі дистрибьюторлары мен өндірушілерінен көтерме баға бойынша бакалея өнімдерінің тікелей жеткізілімі ұсынылатын болады. Аталған шара Алматы қаласында жыл басынан бері тәжірибеден өтуде: бүгінгі күні, 1 мыңнан астам «үй жанындағы» дүкендер қамтылды, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 8 атауы бойынша шамамен 1,5 мың тонна өнім (жұмыртқа, қант, күріш, ұн, күнбағыс майы, қарақұмық, макарон, тұз) жеткізілді.

Қолданыстағы сауда заңнамасын сақтау мақсатында кәсіпкерлерге баламалы нұсқа – Қазақстан Республикасының ірі дистрибьюторлары мен өндірушілерінен көтерме баға бойынша бакалея өнімдерінің тікелей жеткізілімі ұсынылатын болады. Аталған шара Алматы қаласында жыл басынан бері тәжірибеден өтуде: бүгінгі күні, 1 мыңнан астам «үй жанындағы» дүкендер қамтылды, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 8 атауы бойынша шамамен 1,5 мың тонна өнім (жұмыртқа, қант, күріш, ұн, күнбағыс майы, қарақұмық, макарон, тұз) жеткізілді.

Алматы қаласында 2020 жылдың 31 мамырына дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке ұсынылған баға

№	Тауар атауы	Бағасы, теңге
1	Бірінші сортты бидай ұны	230
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны	90
3	Рожки	225
4	Қарақұмық жармасы	450
5	Тазартылған күріш	275
6	Картоп	190
7	Асханалық сәбіз	200
8	Басты пияз	130
9	Ақ қауанды қырыққабат	200
10	Ақ қант	440
11	Күнбағыс майы	840
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	2340
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	1200
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	320
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	380
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	3390
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	450
18	Ас тұзы («Экстра»-дан басқа)	60
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%	1930

Қанттың қымбаттауына не себеп?



енгізілді. Ал Қазақстанда өндірілген қант саны бойынша да (қантты тұтынудың жалпы көлемі шамамен 582 мың тоннаны құрайды), сапасы бойынша да өнеркәсіптік тұтынушылардың қажеттіліктерін өтемей отыр. Сусындар өндірісінде, олардың кейбір түрлерінде Қазақстанда өнеркәсіптік ауқымда өндірілмейтін экстра санатындағы қант қолданылады. Сонымен қатар, ТС-2 санатындағы қант қазіргі уақытта өндірушілерге тәуліктік қажеттілікке сәйкес шектеулі режимде беріледі, бұл өнеркәсіптік өндіріс үшін қолайсыз», – дейді алкогольсіз сусындар өндірушілер қауымдастығының жетекшісі Әлия Мамытбаева.

Қауымдастық басшысы жағдайды тұрақтандырудың келесі мүмкін құралдарын атап өтті: дағдарысқа қарсы шаралар кешені, оның ішінде 2021, 2022 жылдары шарт жасасқан компаниялармен РФ Экстра санатындағы қантты әкетуге шектеулерді алып тастау; квоталау арқылы ҚР аумағында ресейлік қантты импорттауға рұқсат беру; үшінші елдерден ақ қантты әкелуге арналған арнайы инвестициялық келісім-шарттар шеңберінде преференцияларды жаңарту. Сонымен қатар, қанттың әкелу мерзімдерін ұзарту және квоталар көлемін 250-ден 500 мың тоннаға дейін ұлғайту жолымен үшінші елдерден (ЕАЭО-ға мүше емес) Қазақстан Республикасының аумағына ақ қант пен

құрғақ қант шикізатын әкелуге квоталауды пайдалануды жалғастыру қажет. Мамандар мұның барлығы қысқа мерзімде жағдайды тұрақтандыру шаралары болса, ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан қанттың өндірісін ұлғайту, оның сапасын жақсарту шараларын қолға алуы керек деп есептейді.

Өзірге билік, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар халық арасында сатылатын қанттың бағасын ұстап тұру бойынша шараларды кеңінен жүргізуде. Алматыда қант тапшылығы мен оның бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу үшін жедел шаралар қабылданады. Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мәліметінше, көтерме жеткізушілердің көмегімен қалаға қосымша 2,8 мың тонна қант әкелінді.

«Сондай-ақ, «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ қалаға 136 тонна (2 вагон) қант бөліп, тауар «ТойМарт» желісінде сатылуда. Қазіргі таңда бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін сауда желілері, базарлар мен сауда орындарына мониторинг күшейтілді. Үй жанындағы дүкендерге қантты тікелей жеткізуді ұйымдастыру үшін сенім телефоны іске қосылды. Осылайша нарықтағы жағдайды тұрақтандыру, халықты қантпен қамтамасыз ету және шекті рұқсат етілген бағаны ұстап тұру үшін барлық қажетті шаралар қабылданды. Қант бағасы қатаң қадағаланады», – деп жазылған хабарламада.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ


1. Республикада қантты жыл сайын тұтыну 582 мың тоннадан асады, оның 50–55%-ын қантты өнеркәсіптік қайта өңдеушілер (кондитерлік өнімдерді, алкогольсіз сусындар мен шырындарды өндірушілер) пайдаланады.
2. Сонымен қатар, ресми деректерге сәйкес 2021 жылы Қазақстан Республикасына ақ қант импортының көлемі 308,4 мың тоннаны құрады. Импорттың жалпы көлеміндегі Ресей Федерациясының үлесі шамамен 90%-ды құрайды.
3. Алкогольсіз сусындар өндірушілер қауымдастық құрамына 10 компания кіреді.

Бетті дайындаған Динара МҰРАТ.



СЫНАҚ

ҰБТ ЕРЕЖЕЛЕРІНДЕ ӨЗГЕРІСТЕР БАР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Биылдан бастап оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ережелеріне өзгерістер енгізілетін болды. Әсіресе, Алтын белгі төсбелгісін алу талаптарының айтарлықтай күшейтілгені белгілі. Мұндай бұйрықты Білім министрі А.Аймағамбетов өткен жылғы Тамыз кеңесінде қабылдаған еді.

Сонымен, келесі жылдан бастап 9-сыныпты аяқтап, арнайы аттестат және 10-11-сыныптардың барлық оқу тоқсаны бойынша «үздік» деген баға алған оқушылар «Алтын белгі төсбелгісіне» үміткер бола алады. Сонымен қатар, «үздік үміткерлер» НЗМ базасында математикадан емти-

хан тапсыратын болады. Білім министрлігі мұндай шешімді академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қабылдап отырғанын айтып отыр. Бұл ретте НЗМ-де емтихан тапсыратындарға да, жалпы білім беретін мектеп базасында тапсыратындарға да тапсырмалар бірдей болмақшы.

Былтырғы жылы еліміз бойынша «Алтын белгі» алғандар саны бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жеткен еді. Білім министрінің олардың кейбірінің ҰБТ нәтижесі төмен болғаны туралы жазғаны да көпшілікті осы жайдан хабардар етсе керек. Міне, осындай жағдайдан кейін үміткерлердің үздік белгісін ашық бағалау үшін емтихандардың бірі тәуелсіз білім беру ұйымында өтетін болады.

Сонымен, биыл мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. Сондай-ақ, белгіден бас тарту туралы өтініштер жарамсыз деп табылып, талаптарға сай келетін үміткерлер белгіленген тәртіпте қорытынды аттестациядан өтетін болады. Өзгерістер келесі жылдан бастап күшіне енсе де, биыл ҰБТ қорытындысы бойынша «Алтын белгіні» берудің объективтілігі нақты бағаланатын болады.

Осы орайда, мектеп әкімшілігі, білім басқармалары мен бөлімдері қорытынды емтихандарының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір жағдай бойынша ҰБТ-да орын алған кез келген жағдайдың қорытындыларына талдау жүргізіледі.

ОЛИМПИАДА

ОҚУШЫЛАР ОЛЖАЛЫ ОРАДЫ

Биылғы Балқан олимпиадасына қатысқан қазақстандық оқушыларымыздың қанжығасы майланып, олжамен оралып отыр. Ағымдағы жылдың 4-9 мамыры аралығында өткен зияткерлік жарыс Кипрдың Ларнака қаласында офлайн форматта өтті.

Жыл сайын Балқанда математикадан өтетін олимпиадаға биыл 16 мемлекеттен 100-ге жуық оқушы қатысқан еді. Білім бәйгесінде қазақстандық оқушылар 2 күміс және 4 қола медальді жеңіп алды. Қазақстан атынан барған 6 адамнан тұратын ұлттық құраманың қатарында Алматы, Нұр-Сұлтан, Қостанай, Атырау, Ақтау қалаларының есепке жүйрік балалары ел намысын қорғады.

Сонымен қатар, бұл жолы олимпиадаға Албания, Босния және Герцеговина, Болгария, Кипр, Македония, Греция, Молдова Республикасы, Черногория

Республикасы, Румыния, Сербия және тағы басқа елдерден келген оқушылар қатысты.

Сайыстың шарты өте күрделі, берілген олимпиада тапсырмаларын балалар қысқа мерзімде шешуге тиіс болды.

– Балқан олимпиадасы дайындықтың тиімді әдісі және оның оқушыларымызға негізгі халықаралық математикалық олимпиадаға (IMO) дайындалуға көмектесетінін ерекше айтқым келеді, – дейді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Тимур Нұрқешев.

БОЛАШАҚ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚОМАҚТЫ ШӘКІРТАҚЫСЫ

Қазақстандық жастар «Болашақ» бағдарламасы аясында магистратура, докторантура, резидентурада білім алып, ғылыми тағылымдамадан өте алады.

Бұл үшін біздің мемлекет «Болашақ» бағдарламасының шарттарына сәйкес студенттерге оқу ақысын, екі жаққа ұшып қайтуды, сондай-ақ визалық алымдарды, медициналық сақтандыруды, ай сайынғы стипендияны және оқу материалдарын сатып алу үшін жәрдемақы төлеп отырады. Мәселен, оларға төленетін стипендия мөлшері белгілі бір елдегі қалаға және өмір сүру деңгейіне қарай өзгеріп, Нью-Йорк пен Лондонда ай сайынғы стипендия 2 мың АҚШ долларынан асады екен.

Жақында Халықаралық бағдарламалар орталығының қызметкерлері Astana IT University ұйымдастырған «ASTU Career EXPO 2022» мансап көрмесіне қатысып, халықаралық бағдарламаның артықшылықтары, шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу, оның ішінде тағылымдамадан өту бойынша кеңес берген еді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАНДАСТАРЫМЫЗ ҰБТ-НЫ ЕЛГЕ КЕЛІП ТАПСЫРАДЫ

Биылғы жылы қандастарымыз ҰБТ-ны елге келіп, офлайн форматта тапсыратын болды. «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мәліметінше, қандастарымыз Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыру үшін ең алдымен 14 мамырға дейін қордың сайтына тіркелулері керек.

ҰБТ биыл 16 мамыр – 5 шілде аралығында өтеді.

Мектеп бітіруші түлектер 25 мамыр / 27 мамыр / 30 мамыр және 2 маусым / 7 маусым / 10 маусым / 25 маусым аралығын тандап, Қазақстанға келіп ҰБТ тапсырады.

ТҮЛЕКТЕРДІҢ 9 %-Ы МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАДЫ

Мектеп бітіруші түлектердің дені кең таралған мамандықтарды таңдайды.

Арнайы жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша алдыңғы қатарда дәрігер мамандығы тұрса, педагог мамандығына деген қызығушылықтың да айтарлықтай

Динара МҰРАТ



Жарыстың ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысты. Чемпионат жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға, тәжірибе алмасуға және қатысушылардың құзыретін кеңейтуге бағытталған.

«2015 жылдан бастап Қазақстан WorldSkills International халықаралық қозғалысының – алған кәсіби дағдыларын көрсететін жарыстардың мүшесі және белсенді қатысушысы. 21 колледж базасында өтетін чемпионат алаңдары сіздер үшін кәсіптік бағдар беру және болашақ мамандықты таңдау мақсатында ашық болады», – деді Әсем Нүсіпова.

Чемпионатқа 51 құзыреттілік бойынша 350-ден астам жас мамандар қатысады. WorldSkills Almaty аясында Abilympics және

DeafSkills чемпионаттары қатар өтетін болады, онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер өздерінің бірегей таланттарынан ашады.

WorldSkills Almaty-2022 жарыстары WorldSkills International халықаралық чемпионатына қатысу үшін үздіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, Алматыда 182 мыңнан астам студент білім алатын 36 жоғары оқу орны бар. Қалада жалпы контингенті 73 719 студент болатын 83 колледж (23 – мемлекеттік және 60 жеке) жұмыс істейді. Техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарында кадрлар даярлау 99 мамандық және 165 біліктілік бойынша жүзеге асырылады.

2022 жылы колледжде білім алушыларды қабылдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы 3500 орынға – 11405-тен 14900 орынға дейін ұлғайтылды.

артқаны байқалады. Бұл – біздің еліміздегі мұғалім мәртебесінің арта түскенінің нәтижесі. 2022 жылы мектеп бітіретін түлектердің 9%-ы «Жалпы білім беретін мектептегі мұғалім» мамандығын таңдады.

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Қазақстан ғалымдары тағы да жаңалық тауып отыр. Олар сүйектерді қалпына келтіруге арналған биоматериал-гидроксиапатит жасады.

Білім және ғылым министрлігінің Жану проблемалары институтының ғалымдары жасап шығарған сүйекті алмастыратын материал шетелдік аналогтардан үш есе арзан көрінеді. Сондай-ақ, тауардың алғашқы партиясын отандық компаниялар сатып алып үлгерді.

Бұл материалдар сүйек ақауларын қалпына келтіруде, сүйек зақымдалған жараларда, сынықтарда, пластикалық хирургияда, яғни бет сүйектерінің пластикалық хирургиясында және тістерді имплантациялауда қолданылатын болады. Шетелдік компаниялар осындай жоғары сапалы ИАО-нің (икемді автоматтандырылған өндіріс) 1 граммы шамамен 32 мың теңгеге сатады. Ал біздің материалдың бағасы 1 граммы үшін 10 мың теңге, – дейді ҚР БҒМ Жану мәселелері институтының ғалымы З.Мансұров.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ЗАҢҒЕР КЕҢЕСІ

Шаһарда қай мезгілде болмасын пәтерді жалға алу мен жалға беру қызып тұратыны белгілі. Әсіресе, жаздың соңы мен қыркүйек айларында пәтер іздеушілер саны күрт өсуі сол тұста студент-жастардың келуімен байланысты. Тұрғын үй нарығында, кез келген қымбатшылық болған жерде алаяқтықтың да болатыны жасырын емес.

БАСПАНА ҚАМЫ

Пәтерді жалға алу барысында алданып қалмау үшін нені елеп-ескеру керек?



Жалдамалы пәтерді іздеу барысында көпшілігі арнайы делдал-риэлтордың көмегіне жүгінеді. Бірақ риэлторлардың арасында кейбірі баспана іздеген жанның сеніміне кіріп, кейін сан соқтырып кетеді. Соның кесірінен тұрғындардың осы қызмет өкілдеріне деген сеніміне селкеу түскенін де айта кеткен жөн. Арнайы пәтер іздейтін сайтта жалға беретін үйдің несінің аты-жөні, нөмірі жазылып тұрады. Үйдің несі болар

деп қоңырау шалсаң, қоңырауды риэлторлар көтереді. Бірақ нұсқамада пәтердің несі деп жазылып тұрады. Пәтерді жалға алу барысында алданып қалмау үшін нені елеп-ескеру керек екенін заңгер Гүлзат ЕРМЕКБАЕВАДАН сұрап көрдік.

– Риэлтор деген кім?

– Риэлтор – жылжымайтын мүлікті жалға беруші, яғни сатушы мен клиенттің арасындағы келісімді реттейтін компания немесе ұйым қызметкері. Тәуелсіздік алған жылдары риэлтор кәсібі бізге де ақырындап ене бастады. Тек 2000 жылдардан бері қарай ғана танымалдыққа ие болып, табысты қызмет түріне айналды. Риэлторлар пәтер іздеушілерге ыңғайлы қызмет көрсеткенімен, қалтаны қағады.

Негізі, бұл салада реттелмеген, шешілмеген мәселелер, шикіліктер әлі де бар. Арнайы мамандық ретінде оқытылмайды. Сондықтан кез келген адам риэлтор бола алады. Пәтер іздеуші мен риэлтордың арасында түрлі түсініспеушіліктің болатыны осыдан болар.

– Елде қанша риэлторлық қызмет көрсететін кәсіпорын бар?

– Мемлекеттік есеп бойынша, елімізде 4 мыңнан астам компания бар. Олардың 30 пайыздан астамы көп ұзамай жұмысын тоқтатады. Олардың 20-ға жуығында ғана ресми сертификат бар. Арнайы аттестациядан өткен мамандардың саны бар-жоғы – 200. Яғни мыңдаған риэлтор заңсыз қаржы тауып жүр деген сөз.

– ҚР Конституциясында бұл мамандық қарастырылған ба?

– Бұл кәсіпке арнайы білім алудың керегі жоқ. Ата Заңда риэлторлық қызмет түрі заңмен бекітілмеген. Олардың нақты міндеттері мен жауапкершілігін ешкім айта алмайды. Заң жүзінде бекітілмегендіктен, бүгінде тұрғындардың дені олардың қызметіне сенімсіздікпен қарайды.

– Демек, олар жасаған заңсыздыққа ешқандай шара қолданылмай ма?

– Шара қолданылады. ҚР Қылмыстық Кодексінің 190-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалады. Егер олар заңды тіркелмеген, өз бетінше әрекет етіп жүрген қызметкерлер болса міндетті түрде алаяқтық бойынша жауапқа тартылады. Ал егер де риэлторлар мен азаматтың арасында келісім-шарт жасалып, бірақ олар өз міндеттерін толық атқармаса, азаматтық тәртіпте сотқа беру керек.

– Өз тәжірибенізде риэлторға алданып, кеңес сұраған жағдайлар болды ма?

– Иә, ондай жағдай болған. Әлеуметтік желіге жүктелген Алматы қаласындағы бір үйді арнайы пәтер іздейтін қосымшаға салып, 70 мың теңге деп көрсеткен. Өздерінің келісім-шартында ақшаны алдын ала төлеу керек болғандықтан, пәтер іздеуші 70 мың теңгесін беріп қойған. Тіпті, келісім-шартта риэлтордың аты-жөні көрсетілмеген. Студенттің жеке деректері ғана жазылған. Риэлтор «бір аптадан кейін үй босайды, бұл үй – сіздікі. Қазір шығарып жібере алмаймын. Бір апта күтіңіз» деп ақпарат береді. Пәтер іздеуші күтеді. Кейін бір аптадан кейін сол пәтерге барып, үйдің нөмірін айтыңыз десе, риэлтор айтпаған. Пәтер іздеушіге түрлі сылтау айтып, телефонын көтермей қойған. Ақша да, риэлтор да жоқ, шарасыз қалады.

– Азаматтар риэлторлық компанияға жүгінер кезде неге назар аудару керек?

– Біріншіден, кәсіпорынның жұмысының заңдылығына қарау керек. Яғни бұл компания тіркелген бе, қызметкерлердің арнайы ресми сертификаттары бар ма деген сияқты. Екіншіден, осы нарықтағы беделі мен қауіпсіздігіне, сеніміне назар аударған маңызды. Бухгалтерлік қызметі, арнайы офисі, мекенжайы көрсетілгенін зерттеп барып, кәсіпорынның қызметін пайдаланған жөн. Нарықтағы тәжірибесіне қарау да артықтық етпейді.

– Риэлторларға алданған жағдайда не істеу керек?

– Құқық қорғау органдарына барып міндетті түрде олардың үстінен арыз жазу керек. Пәтер іздегенде олар қандай қызмет көрсету керек екенін толық зерттеп алу керек.



СТАТИСТИКА

Ғаламторда алаяқтық жиілеп барады

Соңғы 5 жылда елімізде алаяқтықтың бұл түрі 10 есе өскен. Азаматтардың әлеуметтік желілердегі онлайн-сауда мен танымал сайттар арқылы алаяқтық құрбаны болу көрсеткіші айтарлықтай жоғары. Сондай-ақ, қылмыскерлер онлайн-қарыз алу жолымен және банк карталарынан ақша жымқырады.



Бас прокуратура деректеріне сәйкес, алаяқтар көбінесе инвестиция салу, бас тігу, ойын және лотереяны жарнамалайды. Уақыт өткен сайын алаяқтардың ақша жымқыру әдісі күрделеніп барады. Көп жағдайда алаяқтардың қасақана ойын іске асыруына азаматтардың өзі де кінәлі. Өйткені, олар алаяқтардың жаңа әдістерін білмейді. Интернеттегі жарнамаға сеніп, оңай олжаға кенелемін деп, опық жеп қалады.

Бас прокуратура осындай қылмыстарды азайту үшін цифрлық технологияларды енгізуді, қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіруді, IT-бағдарламалар мен қосымшаларды әзірлеуді көздейтін арнайы Жол картасын әзірледі. Алаяқтардың құрбаны болған адамдардың оқиғалары және интернет-алаяқтар туралы фактілер БАҚ-та жарияланып тұрады. Кибер-

қылмысқа қарсы күрес орталығының да, оның аумақтық бөлімшелерінде де штат саны көбейді.

Онлайн несиелі алу тәртібін қатаңдату мақсатында биометрика және ЭЦҚ қолдану міндетті болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірге заңсыз онлайн несиелер бойынша ақпарат алмасу туралы Меморандум жасалды. Бұл интернет алаяқтарына қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңызды бөлігі. Қазірдің өзінде алдын алу шаралары оң нәтижелерін беруде.

Өткен жылмен салыстырғанда интернеттегі алаяқтық фактілерінің саны 7-ден 4,5 мыңға дейін (34%-ға) азайды. 808 (644) іс сотқа жолданды. Өңірлерде осындай іспен айналысқан қылмыстық топтар ұсталды.

АКЦИЯ



Ерекше науқан

Қала полицейлері ерекше акция өткізуде. Акцияны учаскелік полиция инспекторлары жүзеге асырады.

Алматы полициясы ел Президентінің жаңа форматтағы «Қолжетімді полиция» жұмысы туралы тапсырмасын орындау аясында кешенді шаралар қабылдауда.

«Мемлекет басшысы өз аумағының тұрғындарына жақынырақ, танымал, қолжетімді, азаматтарға беделді болуға тиіс және олардың құқығын қорғайтын учаскелік полиция қызметкеріне басты рөл жүктелетін реформалар қажет екенін атап өтті. Біздің қаламызда ІМ-нің бастамасымен «Сәлеметсіз бе, мен сіздің учаскелік инспекторыңызбын! Сізге

қандай көмек көрсете аламын?» ақпараттық науқаны іске қосылды. Бұл бірінші кезекте полицияны қызмет үлгісіне қайта бағыттауға және оны қолжетімді жасауға көмектеседі. Біздің ауданда науқан азаматтар көп тұратын тұрғын үйлерді қамтиды. Әрбір учаскелік полиция қызметкері ПИК-пен және аудан тұрғындарымен чат пен мессенджерлік байланыста отырады. Барлық сұрақтар тікелей соларға келіп түседі. Осы тәсілдің арқасында тұрғындардан түсетін өтініштердің санын 2,5 есеге қысқарттық», – дейді Медеу аудандық Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Дәурен Өтебаев.

Учаскелік инспекторлар полицияның көп функционалды қызметін көрсетеді. Олар құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алады.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ДЗЮДО

АЛМАТЫДА ТӨРЕШІЛЕР ҮШІН
СЕМИНАР ӨТТІ

Елімізде дзюдо спорты қарқын алып келеді. Ал оның жетіліп, дамуы үшін шеберлікті арттыру қажет екені айқын. Осы бағытта атқарылып жатқан шаруалар аз емес.

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, мегаполисте дзюдо төрешілеріне арналған халықаралық семинар басталды.

Семинар Халықаралық Дзюдо федерациясының (IJF) спорт директоры Даниэль Ласкау, Армен Багдасаров, IJF төрешілер комиссиясының хатшысы Хюрия Паскауле және Қазақстан Дзюдо федерациясының президентінің міндетін атқарушы Асхат Жіткеевтің жетекшілігімен өтіп жатыр.



Бұл шараға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Жапония, Гонконг, Кувейт, Иран, Сауд Арабиясы, Германия, АҚШ, Италия, Әзербайжан, Түркіменстан,

Моңғолия, Тайвань және Тайпей елдерінен 70 төреші қатысып жатыр. Төрешілерге арналған семинар 15 мамырға дейін жалғасадy.

БОКС

Дүниежүзілік бокс ұйымы (WBO) қазақ боксшысы Жәнібек Әлімханұлы (11-0, 7 KO) мен британдық боксшы Дэнни Дигнум (14-0-1, 18 KO) арасындағы алдағы жекпе-жектің мәртебесі туралы айтты.

QAZAQ STYLE ЖАҚЫНДА
ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

«Жекпе-жек 21 мамыр күні Лас-Вегаста өтеді. Жәнібек Әлімханұлы мен Дэнни Дигнум арасындағы алдағы жекпе-жек WBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы «уақытша» титулы үшін өтеді», делінген ұйым таратқан хабарламада.

Бұған дейін WBO Әлімханұлын

Деметриус Андраде иеленген орта салмақтағы толық WBO титулына міндетті қарсылас етіп тағайындаған, алайда американдық боксшы оны қорғағысы келмей, WBO-ның бұл категориядағы «уақытша» чемпион атағы үшін Зак Паркермен жұдырықтау үшін екінші салмаққа көтерілді.

ТЕННИС

ЖАРАЙСЫҢ, ЕЛЕНА!

Қазақстандық спортшы Елена Рыбакина соңғы кездері үздік нәтиже көрсетіп жүр. Оның қайтпас-қайсар ұмтылысы биікке ұмтылдырып келеді. Соның нәтижесінде өз деңгейі мен шеберлігінің мықтылығын дәлелдеп жүр.



Дәлірек, жаңартылған дүниежүзілік рейтингінде қазақстандықтар арасында ең үздік нәтиже Елена Рыбакинаға тиесілі. WTA тізімінде 22 жастағы теннисшіміз бір сатыға жоғарылап, қазіргі кезде 17-орынды иеленуде.

Еліміздің екінші ракеткасы Юлия Путинцева «ТОП-40» теннисшіні түйіндеуде. Өзге ойыншыларымыз мынадай орындарды еншілеп отыр: Зарина Диас – 134, Анна Данилина – 342, Жібек Кұламбаева – 498, Гозаль Айнитдинова – 570, Ярослава Шведова – 574 және Екатерина Дмитриченко – 855.

Әйелдер арасында польшалық Ига Свентекке тең келер ешкім табылмай тұр. Одан кейінгі сатыларға чехиялық Барбора Крейчикова, испаниялық Паула Бадоса,

грекиялық Мария Саккари және эстониялық Анетт Контавейт табан тіреді.

Уақыт озған сайын АТР рейтингіндегі жағдайымыз нашарлай түсуде. Еліміздің ең үздік теннисшісі Александр Бублик өткен аптамен салыстырғанда, сегіз сатыға құлдылап, бұл күндері 41-орынды қанағат тұтты. Өзге отандастарымыз мынадай сатыларға тұрақтады: Михаил Кукушкин – 163, Дмитрий Попко – 182, Тимофей Скатов – 193, Денис Евсеев – 337, Бейбіт Жұқаев – 490, Александр Недовесов – 730, Григорий Ломакин – 856 және Достанбек Ташболатов – 911. Ерлер сайысында сербиялық Новак Джокович дара тұр. Ресейлік Даниил Медведев пен германиялық Александр Зверев оны өкшелеп келеді.

ФУТЗАЛ

Футзалдан Қазақстан кубогы жолындағы жарыстың жартылай финалына шыққан қос команда анықталды. Олар – Алматының «Қайраты» мен Рудныйдың «Аяты».

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДАМЫЗ

Алғашқы кездесуде алматылықтар Ақтөбенің «Рахметін» 5:1 есебімен ойсырата ұтқан еді. Қарымта матчта да «Қайраттың» үстемдігі еш күмән туғызған жоқ. Бұл бәсекеде Альберт Ақбалықов пен Эдсон дубльдердің авторлары атанса, Диего мен Андрей Графский бір-бір реттен мергендік танытты – 6:0. «Аят» сырт алаңда өткен ойында «Нұр-Сұлтанды» 7:6 есебімен әзер ұтқан еді. Есесіне, Рудныйда олар асқан шеберлік танытып, өз жанкүйерлерін желпілдірді.

Олар елордалық клубтың қақпасына бес доп сокса, қарсыластары екі голмен ғана жауап қайтара алды – 5:2.



ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

СУРДЛИМПИАДАДАН ТАҒЫ
ҚОС ЖҮЛДЕ БҰЙЫРДЫ

Бұған дейін Сурдлимпиададан спортшыларымыздың қанжығалы болғанын айтқан болатынбыз. Отандық жанкүйерлерді қуантудан жерлестеріміз бұл жолы да танбады. Нақтырақ, Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында өтіп жатқан Сурдлимпиада ойындарының кезекті жарысында Қазақстан құрамасының қоржыны тағы екі медальмен толықты.



Жарыс басталғалы бері жеңіл атлеттеріміз өз жанкүйерлерін қуанта алмай жүрген еді. Бұл жолы олардың да бағы жанды. Ядро лақтырушылардың сайысында Ольга Хижнякова 12.32 метрлік көрсеткішпен күміс медальді иеленді. Бас жүлде Украинаның өкіліне бұйырса, колумбиялық спортшы үшінші орынға тұрақтады.

Таэквондошылардың бәсекесінде +80 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Виктор Фрундиннің қанжығасы майланды. Жерлесіміз жартылай финалда жеңіліс тапқанымен, одан кейінгі жекпе-жегінде айқын жеңіске қол жеткізіп, қола жүлдені олжалады. 67 келі салмақта өнер көрсеткен Аида Мақатованың да жеңіс тұғырына көтерілуіне жақсы мүмкіндігі болды. Алайда, шешуші тұста қарсыласына есе жіберген қазақ қызы бесінші орында қалып қойды.

БОКС

АЛЬВАРЕС АМАЛДАЙ АЛМАДЫ

Барша әлемді шарпыған Альварес пен Биволдың жекпе-жегі де өз мәресіне жетті. Көптен күткен кездесуде жеңіс ресейлік боксшы Дмитрий Биволға бұйырды. Сөйтіп, атақты Канело өзінің спорттық мансабында екінші рет жеңіліске ұшырады.

Айта кетейік, осыдан бірер жыл бұрын мексикалық боксшы, отандасымыз Геннадий Головкинді ұтқан болатын. «Күш атасын танымайды» деген осы. Енді одан көрші елдің тумасы басым түсті.

Америка Құрама Штаттарының Лас-Вегастағы T-Mobile аренасында бокс кеші болып, онда мексикалық Сауль

«Канело» Альварес пен ресейлік боксшы Дмитрий Бивол арасындағы WBA Super жартылай ауыр салмақтағы титулы үшін жекпе-жек тартысы өтті.

Жекпе-жек барлық 12 раундқа созылды. Төрешілер Биволды жеңімпаз деп таныды. Осылайша Бивол жеңілмеген деген атағын сақтап қалды. «Канело» мансабында екінші рет жеңілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

БИВОЛ КІМ?

Жуырда мексикалық боксшы Саул Альваресті ресейлік Дмитрий Бивол сұлатып салғаны мәлім. Осыдан бастап жеңімпаздың аты күллі әлемге мәшһүр болып, танымалдылығы арта түсті. Осыған орай, жеңімпаздың жетістіктері мен жұрт біле бермейтін қырларын ортаға салуды жөн көрдік.

Дмитрийдің шығу тегіне байланысты әлеуметтік желі қолданушылары сан түрлі пікірде. Бірі оны Алатаудың етегінде дүниеге келген деседі. Енді біреулері оның ата-тегі Молдован жерінен шыққан деседі.

Сондықтан біз біршама зерделеулер жүргіздік. Ол 1990 жылы 18 желтоқсанда Қырғызстанда туған. Боксшының бойында молдаван-корей халықтарының генетикасы бар. Кеңестер одағы күйрегеннен соң, отбасы Санкт-Петербург қаласына қоныс аударады. Тұрмыстың қиыншылығын сезінеді. Дегенмен, ата-анасы оны 6 жасында бокс залына әкеледі. Алғаш болып жекпе-жек өнеріне Шарап есімді бапкері баулиды. Кейіннен аға жаттықтырушы Алексей Куренков пен Геннадий Машияновтың құрамасына өтеді. Жас спортшы біртіндеп жетістіктерге қол жеткізе бастайды. Өртүрлі жарыстардың жүлделі орындарынан көрініп те жүрді. Сонымен қатар, Санкт-Петербург Ұлттық университетінің дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты мамандығы бойынша жоғары білім алады. Бойшандығы мен қолының ұзындығы оған көп септігін тигізеді. Мінезі биязы болған. Аса басбұзарлығы байқалмаған. Бірақ өзіне тиіскенді аямаған. Ата-

анасына жақын, мейірбанды бала болған.

Жеңіл салмақ дәрежесінде өнер көрсететін Ресейдің халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Универсиададан күміс жүлдегері (2013), Дүниежүзілік жекпе-жек ойындарының чемпионы (2013), бокстан жастар арасындағы әлем чемпионының қола жүлдегері (2008) әуесқой ретінде. Кәсіпқойлар арасында қазіргі WBA супер әлем чемпионы (2019 жылдан қазіргі уақытқа дейін) және бұрынғы WBA тұрақты әлем чемпионы (2017–2019), WBA уақытша әлем чемпионы (2016–2017), WBA континентаралық чемпионы (2015–2016) және WBC-USNBC (2015–2017) жартылай ауыр салмақтағы АҚШ чемпионы.

Р.С.: Жетістік – тынбай еңбектенуден тұрады. Егер мықты, жегерлі болсаңыз, шыңды бағындырасыз.

Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



АЛМАТЫ КӨШЕЛЕРІ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ!

Қаламыздың көшелеріне аты берілген Ұлы Отан соғысының батырлары аз емес. Олардың қатарында Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова бар. Айтылған батырларымыздың біразын оқырманымыз танитын шығар. Дегенмен, есімі шаһар көшелерін иеленген, бірақ көпшілік біле бермейтін соғыс ардагерлері де жоқ емес. Сондықтан «Ер есімі – ел есінде» демекші, Алматы көшелеріне аты берілген қазақ батырларын назарларыңызға ұсынамыз.

Төлен ҚАБЫЛОВ



Төлен Кабылов – кеңестік сарбаз, Кеңес Одағының Батыры. 1917 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында дүниеге келген. Ерте жетім қалған Төлен Қызыл әскер қатарына шақырылғанға дейін орта білім алып, туған колхозында есепші болып жұмыс істеген.

1942 жылдың мамыр айынан бастап майданға қосылған. Сталинград түбінде, Дон мен Украинаның сол жағалауында, Балтық жағалауында соғысқан. 1945 жылдың көктемінде гвардия сержанты Кабылов 24-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 72-ші гвардиялық атқыштар полкінің бөлімшесін басқарды. Кенигсберг (Калининград) қаласына шабуыл жасау кезінде ерекше көзге түсті.

«Таң атпастан фашистер шабуылға шықты. Бізге олардың жаяу сарбаздары мен танктерін бөлуге бұйрық берілді. Жау шабуылы үдеп оқоптан бас көтере алмай жүргендіктен, бұл бұйрықты орындау қиынға соқты. Сонда Төленнің позициясына бір танк келіп қалды. Ол оқоптан атып шығып, танкке міне кетті. Біздің батыр өзін құлатпақшы болып танктен шыққан немісті көргенде беліне оралған гранатын жарып жіберді», – деп еске алады бір майданда болған досы Иван Редок.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 19 сәуірдегі Жарлығымен қолбасшылық тапсырмаларын үлгілі орындағаны және осы ретте көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін гвардия сержанты Төлен Кабыловқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бүгінде Алматының Медеу ауданындағы көшелердің бірі Төлен Кабылов атымен аталады.

Нұркен ӘБДІРҰЛЫ

Нұркен Әбдірұлы – кеңес ұшқышы, Кеңес Одағының Батыры. 1919 жылы 9 тамызда бұрынғы Қарқаралы уезінде, Семей облысында дүниеге келген. 1940 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылғанға дейін колхозда жұмыс істеді. 1941 жылы К.Е.Ворошилов атындағы (Орынбор қаласы) 1-ші Чакалов әскери-авиациялық ұшқыштар мектебін бітірген.

Майданға 1942 жылдың 28 қазанында қосылды. Оңтүстік-Батыс майданының 17-ші әуе армиясының 1-ші аралас авиация корпусының 267-ші шабуылдау авиациялық дивизиясының 808-ші авиациялық полкінде ұшқыш болды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында өзінің Ил-2 ұшағымен 16 рет әскери тапсырмаға шығып, жаудың 12 танкін, 28 автомашинасын, 3 зениттік артиллерия және 18 жүк көлігін жойды.

Сержант Әбдіров көмекшісі Александр Комиссаровпен бірге 1942 жылы 19 желтоқсанда Боковская-Пономарева ауданындағы жау позицияларына әуемен шабуыл жасайды. Кеңестік ұшқыштар жау зениттерінің астында шеберлік танытып, әскери міндеттерін атқаруға тура келеді. Жау шабуылы үдеп, Вычужанина экипажы қиын жағдайда қалған соң, оларға қазақ ұшқышы көмекке келеді. Осы кезде Нұркен ұшағына да оқ тиіп, отқа оранады. Әуе көлігін аман-сау отырғызуға мүмкіндік жоқ екенін түсінген қазақ батыры өз ұшағын жау танктеріне бағыттап, ерлікпен қаза табады. Онымен бірге ұшақтан секіруден бас тартқан мерген Александр Комиссаров қайтыс болды.



1943 жылғы 31 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қызыл Армияның басшы және қатардағы құрамына Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы» Жарлығымен «неміс басқыншыларына қарсы майдандағы қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны және көрсеткен ерлігі үшін» Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Алматы қаласы Жетісу ауданындағы көшеге қазақ батырының аты берілген.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

МӘСЕЛЕ

Ер жігіт өсіреді жапанға гүл,
Ойлайтын кезің келді Отан қамын.
Парызын өтеу үшін туған елдің,
Барасың, балам, күткен сапарға бұл.

Қанипа БҰҒЫБАЕВА.



Досбол
АТАЖАН

Туғаннан ер жігіттің мойнында екі борыш болады. Бірі – ата-ана алдындағы болса, екіншісі – Отан алдындағы борышы. Ата-ана баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиелеп өсірсе, Отан өз ұлы үшін пана болды. «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Нағыз ер-жігіт қашан да туған жері мен туған елін жүрегінде ұстайды, оның алдындағы өз парызы мен борышын сезінеді.

Жігіттің азаматтық парызы ел өркендеуі үшін қызмет еткенде орындалады. Ал Отан алдындағы борышы әскерде өтеледі. Ел басына күн туса, кім болса да кіндік қаны тамған туған жерін қорғауға әзір болуы керек. Сол үшін барлық ер-азамат әскер атты өмір мектебінен өтеді. Бұл абыройлы міндетті атқарған әр жігіттің тәні ғана емес, жаны да болаттай шыңдалып шығады. Сондай-ақ, Хадис-шарифте: «Екі көз ақыретте тозаққа күймейді. Біріншісі – күнәсына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз. Екіншісі – Отанды қорғап, шекара күзеткен көз» деп айтылған. Бұл хадистің мән-мағынасы елін қорғау үшін әскери борышын өтеудің дінмен құпталатынын білдірсе керек.

Қазіргідей геоахуал құбылмалы кезде өмірдің ыстық-суығына төзе білетін, әскери білімі мен дайындығы бар жігіттеріміздің көп болуы Қазақстан үшін маңызды. Себебі, қуатты әскер ел тәуелсіздігінің кепілі екенін тарихи мысалдар көрсетіп отыр. «Ақылды адам өз қатесінен үйренеді, дана адам өзгенің қатесінен сабақ алады» демекші, біздің мемлекетіміз көрші елдердегі қақтығыстардан сабақ алуы керек. Әлемдегі небір жағдайларды көріп ер жігіттеріміз ойлану қажет. Қанша дамыған ғасырға жеттік десек те, сырттан келер қауіп сақталып тұр. Империалистік көзқарастағы мемлекеттер өз өмірін тоқтатқан жоқ. Осы себепті, қуатты әскер мен патриот азаматтарымыздың сақдай сай тұруы бүгінгі күні өзекті болып отыр. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін еліміздің Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп бекітілген. Бар өмірін әскерге арнамаса да, әскери дайындықтан өтіп, Отан

Қасиетті борыш пен абыройлы міндет

Заң жүзінде 18 бен 27 жас аралығындағы жігіттер әскери борышын міндетті түрде өтеуі керек



алдындағы борышын өтеген жігіттердің көп болуы Тәуелсіз Қазақстанның болашағына кепіл болмақ.

Жеңілдік жасалады

Заң жүзінде 18 бен 27 жас аралығындағы жігіттер әскери борышын міндетті түрде өтеуі керек. Егер заңда қарастырылмаған жағдайда азамат өз міндетін атқармаса, оған 8 миллионға дейін айыппұл салынуы мүмкін.

Мәселен, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске сай әскерге шақырту қағазы қолына тиген азамат желі мерзімде Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге бармаса, 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді. Ал әскери міндетті қызметкерлерінің әскери есеп заңдылығын сақтамағанын біле тұра, тиісті орындарға хабар бермеген жұмыс берушілер 29 170 теңге көлеміндегі айыппұлды аркалайды. Әскери борышын өтеуден қасақана қашқындар Қылмыстық кодекс негізінде жазаланады. Аталған кодексте әскерге барудан бас тартқандарға 1000



айлық есептік көрсеткіш (2 917 000 теңге) көлемінде айыппұл салынатыны немесе бір жылға бас бостандығынан айырылатыны айтылған. Әскерге бармау үшін қасақана денсаулығына зиян келтіргендер мен денсаулығында кінәрат бар екенін көрсететін жалған құжат жасағандардың қылмыстық жауапкершілігі тіптен қатаң. Оларға 3000 айлық есептік көрсеткіш (8 751 000 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Немесе 3 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Айта кеткен жөн, Қорғаныс министрлігі Қарулы Күштер қатарында бірқатар жаңа ұсыныстар әзірленген. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру және мыналарды көздеу ұсынылды:

- Әскери борышын өтеп жүрген азаматтың отбасына мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге қосымша жеңілдіктер беру;
- Мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңіне кредит бойынша кейінге қалдыруды, сондай-ақ басқа да қосымша, оның ішінде білім беру секторында жеңілдіктер беру.



ӨНЕР

ЖАҢА МУРАЛДА –
ҚАСЫМ ХАН БЕЙНЕСІ

Кейінгі уақытта Алматы көшелеріндегі алып ғимараттардың қабырғасында түрлі тақырыпта муралдар көбейіп келеді. Мұндай картиналардың да көпке берері, жас ұрпаққа үлгі болар тұстары аз емес. Енді жуырда Қасым хан бейнеленген мурал салынды.

Қасым хан бейнесі мегаполистегі Қабдолов пен Өтеген батыр көшелерінің қиылысында орналасқан Grand Park сауда кешенінің қабырғасына, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы өкілдерінің тапсырысы бойынша салынды. Бұл мәдени іс-шара режиссер Ақан Сатаевтың «Ұлы дала таңы» фильмінің прокатқа шығуына орай ұйымдастырылғаны да айта кету керек.

Хан бейнесін муралда өрнектеген жас суретшілер – Карина Азимжанова мен Гафура Қайырбекова. Олардың айтуына қарағанда, Қасым ханның бейнесін салуға бір апта және 120 дана баллон бояу кеткен көрінеді.

Осы орайда естеріңізге сала кетсек, «Ұлы дала таңы» тарихи фильмі бүгіннен, яғни 12 мамырдан бастап ұлттық прокатқа шығады.

Нұр ЖАМАЛ.

ПОДКАСТ

ТАРИХИ АУДИОЖОБА
ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Қазақ хандары туралы тарихи аудиожоба жарыққа шықты. KhanCast бағдарламасын Megogo мобильді қосымшасы арқылы тыңдауға болады.

Эксклюзивті тарихи подкаст 10 бөліктен тұрады және Керей хан, Жәнібек хан, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан сияқты хандар туралы баяндайды. Әр бөлік тек Қазақ хандығының билеушісіне ғана емес, сонымен бірге тарихтағы белгілі бір кезеңге арналған.


Идея авторы және подкасттың продюсері – Елдар Құдайбергенов. Жүргізушісі мен редакторы – Айым Тілепберген.

«KhanCast подкасты – тыңдаушыға еліміздің тарихи кезеңдерін еске түсіріп қана қоймай, халқымыздың тереңдігін, батылдығы мен бірегейлігін де көруге мүмкіндік береді. Өйткені, өткен кезеңдегі әрбір кезең – қазіргі Қазақстанның негізі. Бұл аудио жоба кәсіби тарихшылармен бірге нақты зерттеу болып табылады, нәтижесінде көптеген керемет фактілер келтірілген», – деді Орталық Азиядағы Megogo директоры Нұрлан Чукубаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ХИУАЗ ДОСПАНОВА – 100

Биыл – Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың туғанына – 100 жыл. Осы атаулы датаға орай Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі 2022 жылдың 6–12 мамыр аралығында Алматы қаласында ұлтымыздан шыққан тұңғыш ұшқыш қаһарман қызының қан майдандағы ерлігі мен өмір деректерінен сыр шертетін «Есімі аңызға айналған қазақтың батыр қызы» атты көшпелі көрме ұйымдастырды. Шара ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің залында өтті.



ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алатау баурайындағы бір апталық шарада негізінен неміс басқыншыларымен соғысқан сұрапыл жылдары көкте қырандай қалықтап, жаумен шайқаста әуеге 300-ден астам мәрте көтерілген штурман-ұшқыш Хиуаз Доспанованың ерен ерлігі насихатталып, оның қайсарлық пен төзімге толы өмір жолынан толымды мәліметтер беріледі. Арнайы жасалған экспозициялық қабырғаларда «Қанатты қыздың» жеке және отбасы мүшелерімен, туматуыстарымен, жауынгер достарымен түскен суреттері, майдан хаттары, еңбек еткен жылдарында иеленген марапат қағаздары көрермен назарына ұсынылды. Сондай-ақ, жазушы Әбу Сәрсенбаевтың ба-

тыр қызға жазған үшбу хаты мен қаһарман тұлға туралы жазылған мақалалар топтамасы ілініп, қазақтың қайсар қызы қан майданда пайдаланған құрылғылар мен бейбіт өмірде тұтынған жеке заттары көрмеге қойылды.

Аталмыш көрмеде сондай-ақ, неміс-фашист басқыншыларымен болған күресте ерлік көрсеткен мұнайлы өңірдің перзенттері, «Кенес Одағының Батыры» атағын иеленген Қайырғали Смағұлов, Боран Нысанбаев, Мұса Баймұханов, Георгий Канцев, Мұқат Мусаев, Александр Афанасьев, Филипп Мазуров, Иван Махориндер және «Даңқ» орденінің толық иегерлері Шүкір Еркінов, Ғизат Алипов, Евгений Польшин, Сақып Қызылов, Гавриил Шаминдер туралы деректер беріледі. Тағы бір экспозицияда «Шығыстың қос жұлдызы» Әлия

Молдағұлова, Мәншүк Мәметова жөнінде мәліметтер және олардың мектеп, майдан кезіндегі суреттері ілінді. Сонымен бірге, соғыс жылдары Атырау өңірінде майданға пулемет, миномет, атқыштар взводты командирлерін дайындап жіберіп отырған Гурьев жаяу әскер училищесі мен сын сағатта үздіксіз қызмет еткен әскери госпиталь туралы тарихи деректер мен фотосуреттер, Ұлы Жеңіс шеруіне қатынасушы ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің тұлғалық бейнелерін айшықтайтын мәліметтер ұсынылды.

Көрермендер көрмеден соғыс жылдары пайдаланылған әскери киімдерді, жауынгер құралдары мен майдан шебінде қолданыста болған радио, телефон, тылдан жіберілген қолғап-шұлықтар үлгілерін, т.б. заттай бұйымдарды тамашалай алды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Мани, мани



Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
14 мамыр, 18.30.

Қарагөз



Өтетін орны:
Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры
Күні мен уақыты:
14 мамыр, 18.30.

Top
Instrumental
Classics

Өтетін орны: Жамбыл атындағы филармония, Қалдаяқов к-сі, 35 (Төле би көшесінің қиылысы).
Күні мен уақыты:
17 мамыр, 18.00.

ФЕСТИВАЛЬ

ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Алматы мемлекеттік қуыршақ театры халықаралық BALAUSA фестивалінде топ жарды



Ұжымның «Макбет. Иллюзия» қойылымы алыс-жақын шетелдік театрлар арасында үздік деп танылды. Ересектерге арналған қойылым адамзатқа ортақ мәселені бір отбасының тағдырымен суреттейді.

сүйгізе алмайды, ал Макбеттің қасіреті тағына ие бола алар ұрпағының жоктығы. Алайда, мұрагері жоқ бола тұра, такта қалуды ғана көксеген Макбет мақсаты жолында қаншама жанға өлім құштырады. Макбетті қатыгездікке итермелеген әйелі, кейін оның зұлымдығын тоқтата алмай, қиналатын да өзі.

«Үйге қонаққа келгенде, у беріп өлтіреміз. Сөйтіп, сен патшалығыңды жалғастыра бересің» деген әйелінің ақылы бүкіл патшалықты астаң-кестең етті. Сахна кеңістігінде уақыт пен дәуір астасып кеткен – шындық қайсы, Макбеттің елесі қайсы, ажырату мүмкін емес. Сол себепті де, спектакль «Макбет. Иллюзия» деп аталады. Траги-фарс жанрындағы қойылымда иллюзияның элементтері өте көп. Спектакль Макбет пен леди Макбетке ғана құрылғандықтан, тірі планда жүрген екеуі ғана. Ал Макбеттің басын айналдырған жандар, қуыршақ бейнесіндегі қалған кейіпкерлердің барлығы тірі жан емес – елес. Сахнада болып жатқан оқиғалар Макбеттің өтіп кеткен шағындағы елестер, аңқұс бейнесіндегі жынның жетегінде жүрген Макбет өз ісіне есеп бере алмайды. Елестің соңында жүріп, өз өмірін қалай қасіретке айналдырғанын, өзін қалай өлімге апарғанын білмей қалады. Спектакльде бір отбасының тағдыры арқылы адамзатқа ортақ мәселе көрсетілген. Туындыны көптеген халықаралық фестивалдерде топ жарған Дина Жұмабаева сахналады.

Айта кетейік, өнер ұжымы бүлдіршіндерден бөлек, ересектерге арналған бірқатар классикалық туындыларды қойып, театр өнеріне тың серпін беріп келеді.



Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Осылайша Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы ағылшын драматургі Уильям Шекспирдің кейіпкерлерін көрерменге алғаш рет қуыршақ бейнесінде ұсынды. Биылғы байқау Ақтөбеде өтті. «Біздің қуанышымызда шек жоқ. Барлығын артқа тастадық. Мемлекеттік қуыршақ театры алға шығып, бәрін басып озып, экспериментальді қойылыммен оның ішінде Шекспирдің трагедиясымен

бас жүлдені қоржынымызға салдық», – деді Мемлекеттік қуыршақ театрының әртісі Гүлім Рахимова.

«Макбеттің» оқиғасы өте ауыр. Режиссер бір ғана бағытты – махаббат, отбасы желісін ғана алып, негізгі басымдықты патшаның өзіне емес, әйеліне бағыттаған. Спектакльдің фабуласы – ұрпақ сабақтастығының үзілуі. Перзент сүйе алмаған әйелдің қайғысы – оқиғаны өрістететін қасірет өзегі. Қарсыластары жасы келген Макбетті тағынан тайдырмақшы, себебі оның артында ізін басатын ұрпағы жоқ. Леди Макбет сүйіктісіне бала

БАЛЕТ ӨНЕРІ

«ГЭК-КУ. АҚҚУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ»

Халық әртісі Болат Аюханов басқаратын Мемлекеттік академиялық би театры А.Исакованың музыкасына жазылған («Қыз Жібек» қазақ халық эпосының желісі негізінде) «Гэк-ку. Аққудың көз жасы» екі актілі балетін ұсынды.



Қойылымда Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббаты, адалдығы, Бекежанның ессіз қызғанышы туралы баяндалады. Бұл балет Мемлекеттік академиялық би театрының репертуарындағы тарихи құндылыққа ие туындылардың бірі. Болат Аюханов алғаш рет оны Шара Жиенқұловамен бірге атақты «Алматының жас балетінің» алғашқы әртістері атанған хореографиялық училищенің түлектеріне арнап 1967 жылы қойған еді.

Б.Аюхановтың мақсаты – қойлымға классикалық және фольклорлық бөлімнің түлектерін де қатыстыру болатын. Балеттің алғашқы орындаушылары Н.Пак, А.Семьянов және Б.Ешмұхамбетов болған. Көркем музыкасы мен хореографиясы үйлескен қазақ балет өнерінің «інжу-маржанын» 2 мамырда Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында тамашалауға болады.

Бірқатар жаңа редакциялық либреттолық лептер енгізілген. Жалпы алғанда, оларды сәтті деуге болады. Брусиловскийдің басты арқаулары толық сақталады. Қалмақ ханымен қарым-қатынас, оның пейіл-пиғылы, Сырлыбай дағдарысы, Базарбай қатыгездігінің түпкі себеп-салдары, Жібек махаббатының қасіреті мен Сансызбай желісі – бәрі-бәрі үйлесімді тұр. Пролог пен эпилогқа үлкен салмақ салынғаны да жарасады.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



«ҚАЛАМЫНАН ТАМҒАН БАЛ ЕМ БОЛУДАН АЙНЫМАЙДЫ»

Ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ақаңның аузынан кетпейтін сөзі болған

Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын.

Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған...

Ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ақаңның аузынан кетпейтін сөзі болған.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды...

Ақаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды. Қаламынан тамған бал ем болудан айнамайды.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.
(«Ақ жол», 4 февраль, 1923 жыл).

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



Әсем әуен мен көркем қимыл

Өтетін орны:
«Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Күні мен уақыты:
18 мамыр, 18.30.



Бауыр

Өтетін орны:
Барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты:
15 мамыр, 18.30.



Ермеқ Тұрсыновтың шығармашылық кеші

Өтетін орны: Абай атындағы ұлттық опера және балет театры
Күні мен уақыты:
25 мамыр, 19.00.

Әзірлеген
Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
16 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
11.45 Үздік әзілдер
12.45 Телехикая. «Қош келдіңіз» 3 серия
14.00 Телехикая. «Махаббат, қызық мол жылдар» 25 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.10 Телесериал. «Лестница в небеса» 17-18 серия
18.10 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
10.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
11.00 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
13.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
13.30 ТЕННИС. Challenger 80. Тікелей эфир
15.30 Арнайы репортаж
15.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Реал Мадрид» (Испания) – «Манчестер Сити» (Англия)
18.10 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА Challenger 80. 5-выпуск
18.15 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. ОЛИМПБЕТ-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» – «Шахтер». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. ОЛИМПБЕТ-Қазақстан Чемпионаты. «Тұран» – «Ақтөбе». Тікелей эфир
22.55 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА Challenger 80. 5-выпуск
23.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23.25 КӘСІПҚОЙ БОКС. Флойд Мейвезер – Дон Мур
3.15 «Тәуекел аймағы». 10-бөлім. Деректі фильм
3.40 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.05 «Пороро» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
9.15 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 «Смайтиктер» Мультхикая.
10.50 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
13.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
13.35 Анимация. Отандық / «Жібек»
14.00 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
14.25 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
14.35 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
14.50 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
15.15 «Теңбіл доп» телехикаясы
15.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.10 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16.35 «Пороро» Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
17.40 «Смайтиктер» Мультхикая.
17.50 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
19.10 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
19.30 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 «Мьюн. Ай қорғаушысы» мультфильм.
21.25 «Зак дауыл» Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.

22.25 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
22.50 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.25 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

АСТАНА

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік телехикаясы
12.20 «Туысқандар»
18.45 «Ду-думан» шоу
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Брак или брат» х/ф
01.00 «Астана кеші көңілді»
01.45 «Ұлым» түрік телехикаясы
02.25 «16 қыз» Х/ф
04.00 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Проза параграфы
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Тәтті time
16.30 Саммари 100 кітап
17.00 «Саморазвитие» – Маржан коуч
17.20 Тамашаліке
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim Speakers
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.00 25-сағат
22.10 «Шабдалы» – Көркем фильм



«Шашу» телехикаясы.
«Хабар» арнасы. Сағат 13.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
22 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.30 Концерт.
«Ғұмырдария»
8.30 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.45 Телехикая.
«Гюмюш»
96 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.35 Алматы тұнған тарих
2.55 Алматы кеші
3.40 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Күміс көмей». Ұлттық-
музыкалық танымдық
бағдарлама
7.25 «Talrup»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Әндер мен жылдар».
Концерт
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
13.50 Дисней ұсынады.
«Мұзды өлке 2».
Мультфильм
(АҚШ, 2019 ж.)
15.35 «Жан анам».
Концерт
17.30 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ.
«МАЛ ҰРЛЫҒЫ
МАЗАЛАП ТҰР»
21.15 «КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР
АЛАҢЫ».
22.40 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая
(с субтитрами)
23.40 «Әндер мен жылдар».
Концерт
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.30 «Күміс көмей». Ұлттық-
музыкалық танымдық
бағдарлама
2.20 «Aqsayyt»
2.40 «Жәдігер»
3.00 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино.
7.00 Телехикая марафоны.
«Көршілер»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
11.00 Кино
13.00 Телехикая марафоны.
«Шашу»
14.00 Тұсаукесер!
«Маска»
2 маусым
16.00 Кино.
18.00 Мегахит.
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны.
«Құстар әні»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
09.55 Анимационный
фильм «Сезон охоты
4. Страшно глупо»
(повтор)
11.20 КИНО. Нуртас
Адамбаев в комедии
«Келинка Сабина»
(повтор)
13.50 КИНО. Джейсон
Стэйтем в боевике
«Защитник»
(повтор)
15.50 КИНО. Юэль Киннаман
в фантастическом
боевике «РобоКоп»
(повтор)
18.30 КИНО. Том Хэнкс в
триллере «Инферно»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. Шахзода в
мелодраме «Зумрад и
Киммат»
(повтор)
01.20 «31 әзіл»
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.40 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.10 «П@УТИНА»
бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.15 Анатолий
Смиранин, Евгения
Серебренникова,
Армен Джигарханян
в многосерийном
фильме «РАСПЛАТА»
13.10 «ОДИН НА ВСЕХ».
Многосерийный
фильм
16.35 Фильм «ТРОЕ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Александр Дьяченко,
Карина Разумовская в
фильме «СНОВА ОДИН
НА ВСЕХ»
0.30 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».
Весенняя серия игр
1.40 «П@УТИНА»
бағдарламасы
2.25 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
3.55 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
4.40 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 5.10

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гүллет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Jaidarman
09.00 Шоу «Маска»
13.00 Х/ф «Я думал, ты
будешь всегда»
15.00 Т/х «Меховая 8/1»
16.30 Т/х «Ата-ана.
Бала-шаға»
18.10 Концерт
19.40 Т/х «Аппак келін»
21.00 Х/с «Хрустальная
мечта»

01.10 Х/ф «Мачо и ботан 2»
03.10 Jaidarman
04.00 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
07.50 «ӘНДЕР МЕН
ЖЫЛДАР»
10.00 «ЮМОРИНА»
12.20 «НОЧЬ ПОСЛЕ
ВЫПУСКА»,
детективная
мелодрама
(повтор)
16.00 «БАҒА ЖЕТПЕС
АСЫЛЫМ»,
көркем фильм
17.40 «ОРИГИНАЛ».
Әбдіжаппар
Әлқожаның ән-кеші
20.00 «AQ МАМА», реали-
ти-шоу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ДОРОГА, ВЕДУЩАЯ
К СЧАСТЬЮ»,
мелодрама. В главной
роли Ксения Князева
23.40 «ВЕРНИ МОЮ
ЛЮБОВЬ», мелодрама
(повтор)
02.20 «БАҒА ЖЕТПЕС
АСЫЛЫМ»,
көркем фильм
(қайталау)
03.40-
04.20 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. U-17 ерлер
арасындағы Еуропа
чемпионаты. Болгария
– Нидерланды
9.10 ТЕННИС. ЖУРНАЛ
ТУРНИРА Challenger
80. 6-выпуск
9.20 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының журналы
10.15 ВОЛЕЙБОЛ. Клубный
чемпионат Азии.
Финал. «Altay VC».
(Казахстан) – «Kuanysht
VC» (Казахстан)
13.05 «Тәуекел аймағы».
11-бөлім. Деректі
фильм
13.30 Специальный
репортаж
13.50 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ
14.35 «Жалындаған жастар
жарысы». Арнайы
репортаж
14.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Казахстан
Чемпионаты. «Қызыл-
Жар СК» – «Ақжайық».
Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Казахстан
Чемпионаты. «Тобыл»
– «Мақтаарал». Тікелей
эфир
18.55 Арнайы репортаж
19.10 ХОККЕЙ. Әлем
Чемпионаты.
Элиталық бөлім.
Казахстан – Германия.
Тікелей эфир
21.50 ФУТБОЛ. «Тур по
туру». Прямой эфир
22.30 Арнайы репортаж
22.50 ФУТБОЛ. U-17 ерлер
арасындағы Еуропа
чемпионаты. Германия
– Израиль. Тікелей
эфир
0.55 ТЕННИС. ЖУРНАЛ
ТУРНИРА Challenger
80. 6-выпуск

1.00 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының журналы
1.25 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
7.30 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
7.45 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
8.05 «Пороро»
Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
9.15 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
9.45 «Хайди»
Мультхикая.
10.35 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайысы
11.00 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл»
Мультхикая.
12.45 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
13.05 «Үкілі әуен»
телехикаясы
13.35 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
14.00 Анимация. Отандық /
«Сарбаздар»
14.25 «Тәжірибе
алаңы» танымдық
бағдарламасы
14.35 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
14.50 Анимация. Отандық /
«Кім болғың келеді?»
15.15 «Теңбіл доп»
телехикаясы
15.55 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
16.10 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
16.35 «Пороро»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
17.40 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
17.50 Анимация. Отандық /
«Ғарышкер бала
Жігер»
18.05 «Хайди»
Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық /
«Қызықты
энциклопедия»
19.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
19.35 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
20.00 «Теңбіл доп»
телехикаясы
20.40 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
20.55 «Табиғат мектебі»
танымдық
бағдарламасы

21.15 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
21.25 «Зак дауыл»
Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.25 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.50 «Үкілі әуен»
телехикаясы
23.25 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

АСТАНА

06.00 «Кэбэк» корей
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
М/ф
09.20 «Кекеш келін»
үнді телехикаясы
11.20 «Ұлым» түрік
телехикаясы
12.20 «16 қыз» Х/ф
14.20 «Шаншар»
18.00 «Брак или брат» х/ф
20.00 «SarapTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры»
түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін»
үнді телехикаясы
23.30 «Айнұрдың арманы»
телехикаясы
01.40 «Ұлым» түрік
телехикаясы
02.20 «Ой мен ойын»
03.50 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend
(Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) –
Қайталау
16.00 «Бәйге» – Ұлттық спорт
17.00 По душам
17.20 Менің анам әкем
18.00 Өнер қырандары
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.35 Оңline
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style





САЛТ-ДӘСТҮР

ЫРЫМҒА СЕНГЕН ДҰРЫС ПА?

Қазақ халқы аса бай мәдениетке ие. Жартылай көшпелі ұлтымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрінен ғасырлар сарыны еседі. Ұлт мәдениетінің бір бұтағы ол қазақтың ырымдары мен тыйымдары болып табылады. Қазақ ырымдарынан жақсылыққа ұмтылу мен өмірге оң көзқараспен қараудың небір үлгілерін көреміз. Ата-бабаларымыз болашаққа сеніммен қарай білген. Алдағы жарқын күнге үмітпен көз жүгірткен.



Айжан
БҰРКІТБАЕВА

Ұлтымыздағы жағымды ырымдар адамның өмірге құлшынысын арттырып, көкейге болашаққа деген сенім ұялатады. Мысалы: оң көзің тартса, қуанасың; оң құлағың шуылдаса, біреу мақтап жатыр; оң алақаның қышыса, амандасасың; атың есінесе жолың болады; шашалсаң май қабасың, яғни дәмді ас ішесің; нәресте еңкейіп, жол қараса үйге қонақ келеді деген ырымдарды осындай жақсы бағыттағы ырымдарға жатқызуға болады.



Ырымдардың бір парасында тәрбиелік маңызы бар ырымдар кездеседі. «Нанның кыкымын жесең – бай боласың, пышақтың жүзін шалқасынан қаратып қойма – сол үйдің малы пышаққа ілінеді, нанның үстін баспа, тұзды төкпе, жатқан кісіні аттама, үлкенге қарап керілме, табалдырық баспа, бейуақытта ұйықтама, есік керме, тізенді құшақтама деген ырымдар адамды тәрбиеге баулиды.

Жаман ырымдарды жамандықпен байланыстырған. Қазақ бос бесікті тербетпеген. Балалы болмайсың дейді. «Таякка сүйенбе дейді, қаза, қайғы шақырасың» деген. Осындай ырымдарға сенімділік танытуға шариғат не дейді?

Бұл туралы «Мұхамеди» мешітінің бас имамы Ибраһим қажы Қарнақбайұлы ырымдардың жақсы бағыттағы түрлері шариғатқа қарсы емес дейді. Сондай-ақ, ұстаз қазақ ырымдарында Аллаға серік қоспаған, ата-бабаларымыз Алланың тура жолынан таймағанын айтады:

– «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген асыл сөз бар. Адамға айтқан жақсы сөзге «Әмин, айтқаның келсін» деп жауап беріп, ізгі ниет білдірсе, еш қайшылығы жоқ. Бұл туралы Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Жаназаға барғанда жақсы нәрсе айтыңдар. Шынында, періштелер айтқандарына «әмин» деп тұрады» деген.

Алла Елшісі (с.ғ.с) жақсы сөзді ерекше бағалағандығын тағы да «Сахих Бухари» атты хадис кітабындағы мына бір риуаятынан біле аламыз. Онда Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Исламда Тияра жоқ (жаман ырымға балау жоқ). Ең жақсысы – Фә'л», – деген. Сонда қасындағылар: «Фә'л деген не?», – деп сұрады.

Пайғамбарымыз: «Ол сендердің әрбіреуінің еститін – жақсы сөз», – деді. Яғни ислам жақсылықтың жаршысы, ізгі ниеттің қайнары десек, ырымдарымыздың астасып жатқандығын байқаймыз. Ырымдарда тағылым бар екендігіне осындай мысалдар арқылы көз жеткізе аламыз», – дейді ұстаз.

ИМАНДЫЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

Білім мен ілім



Асыл дінімізде ғайбат айтудың үлкен күнә екендігі баршаға аян. Қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистеріне қарап болсақ та, тілден келер кесепаттың көптігі ескертіліп, «екі жағының ортасындағыға ие болған жанның» сыйы жәннат екені айтылады. Ал жел сөзге ерік беріп, біреуді орынсыз ғайбаттағандарды туған бауырының етін жегенмен теңестіріп, ондайдан аулақ болуға шақырады.

Дегенмен, осы бір күнәлі әрекеттің кейінгі кездері тіптен өрісі кеңіп, ғайбаттың күйесі ғұлама-ғалымдарымызға да аямай жағылып жатқаны алаңдатады. «Анау адасқан, мынау бидғатшы» деп, айналасындағылардың бәріне қиналмастан ат қойып, айдар таға салатын кейбір бауырларымыздың бүкіл ғұмырын дін саласына арнаған атақты ғалымдардың бір еңбегін білмей жатып, тіл тигізетіні тіптен өкінішті! Бұл олардың ең алдымен білімсіздіктерін аңғартады. Әйтпесе, діннен сәл хабары бар адамның «Шындығында, ғұламалар – пайғамбарлардың мирасқорлары» екенін білмеуі де, естімеуі де мүмкін емес. Ал қасиетті Құран аяттарында: «Сонда Алла араларындағы шынайы иман келтіргендердің және өздеріне ілім берілген білімпаздардың дәрежесін арттыра түседі», – деген. Аталмыш аятта Жаратушымыз білім иелерінің мәртебелерінің жоғары екендігін баса айтады. Өйткені, білім – Жаратушымыздың бір сипаты.

Жалпы ғалымдарға тіл тигізу, олардың абыройын төгу адамның өзінің дініне тас атумен бірдей екен. Көптеген ғалымдар, атап айтар болсақ, Әбу Ханифа, Шафиғи сынды ғалымдар «ғұламаларды Алланың достары» деп бағалаған екен. Ақида ғылымында оза шапқан Имам Тахауи өз кітабында ізгілікпен танылған ғалымдар жайлы жаман ойда болу олардың тура жолда еместігін көрсетеді деген екен. Кейде пенде болғандықтан ғалым да қателікке бой алдыруы табиғи. Бірақ ғалымның қатесін ғалымнан басқа адамның айтуы орынсыз болмақ.

Кейде адамдар тарапынан белгілі ғалым

жайлы біліміне амал жасамайды деген қауесеттерді де естіп жатамыз. Амал жасау, жасамау – пенде мен Раббысы арасындағы жеке байланыс. Ақыретте әркім өз амалы үшін жауап беретіндігін ұмытпайық. Өйткені, пендесіне білім беру, оны дарыту – Алланың пендесіне деген нығметі болмақ. Танымал ғалым Хаммад ибн Зайд білім мәжілістерінде Пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалған білімді кеңінен таратуға атсалысатын. Бір күні мәжілісте отырған бір адамның күліп отырғанын байқап қалып: «Пайғамбарымыздың қастерлі

сөздері айтылғанда күлкіге бой алдыру мен үшін Пайғамбар құзырында күлумен бірдей» деп, ғылыми мәжілісті тоқтатып тастаған екен.

Жалпы айтар болсақ, адам баласы діннің бұйырған амалын орындамаумен күпірлікке түспейді. Білімсіздік пен жалқаулық себепті парыз болған амалды орындамауы мүмкін. Бұл күнә болады. Бірақ бәзбіреулер айтқандай, көпір болып қалмайды. Бірақ сол амалды жоққа шығарып жіберсе, күпірлік қаупіне түсіп қалуы мүмкін. Осы себепті де, діннің үкімдерін, яғни қайсы амал парыз, қайсы амалдан тыйылуымыз керектігін тізіп беретін – ғұламалар. Сондықтан әрбір мұсылман білім иелеріне әрдайым құрмет көрсетуі – міндет. Ханафи мәзһабының бағалы кітаптарында мына мәтіндегі қағидаларды көптеп кездестіруге болады: «Кімде-кім ғалымды себепсіз жек көретін болса, ол адамның күпірлікке түсіп қалу қаупі бар», «Кімде-кім ғалымды себепсіз балағаттаса, ол адамның күпірлікке түсіп қалу қаупі бар». Жоғарыдағы «себепсіз» сөзінің мағынасы әрбір адамның жеке пікірі болуы мүмкін. Бір ғалымның түр-келбеті, адами қасиеті ұнамауы мүмкін. Бірақ ғалымның айтқан сөзін, белгілі мәселеге қатысты берген пәтуасын жек көріп, жамағат арасында ауызбіршіліктің бұзылуына жол берілмеуі тиіс. Өйткені, пендеге білімді дарытқан Жаратушымыз. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Мен – білімді бөліп, жіліктеушімін. Беруші – Алла» деген екен.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, қазіргі уақытта қоғамда, әсіресе, жамағат арасында жасырын іріткіге себеп болушы әрекет – кемсіту, оларға әртүрлі жаланың жабылуы тамыр жаюда. Дұрыс, әрбір адамның ойлау еркіндігі бар шығар. Бірақ бұл еркіндік қоғамның бұзылуына алып бармауы керек. Танымал ғалым Ахмед ибн Ханбал: «Ғалымның еті ұланған. Кім оны іскесе ауруға шалдығады, ал кімде-кім жеп қойса өліп қалады», – деген. Сондықтан әрбір мұсылман білім иелеріне тіл тигізіп, олардың мәртебесін түсіремін дегеннен гөрі өз бойындағы қателіктерін жөндеуге тырысып, ғұламалардың батасын алып қалуы, нұр үстіне нұр болмақ!



Ұлтымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрінен ғасырлар сарыны еседі

СҰРАҚ-ЖАУАП

– Тортты қағба пішінінде пісіруге бола ма?

– Торт тағы басқа ас түрлерін қағба пішінде пісіру құп көрілмейтін ағат іс ретінде саналған.

Себебі, ондай әрекет қағба шәрифті кемсіту болмақ. Ал Алла Тағала біздерге Исламның рәміздерін қадірлеуімізді бұйырады.



– Дінімізде жанды нәрсенің суретін салуға болмайтыны белгілі, мультфильмдер мен анимациялардың үкімі қандай?

– Анимация мен мультипликация саласына қатысты бүгінгі дін мамандарының көпшілігі оң көзқараста. Бастысы, мұсылманшылыққа теріс дүниелерді насихаттамайтын, тәрбиелік мәні бар, пайдалы дүниелерді



қамтыған болуы тиіс. Балаларға пайдалы мультфильмдерді жасау да балалар ойыншығын жасаумен пара-пар. Осы жөнінде алғанда, мультфильмдер жасаудың үкімі мұбах деуге болады.



ЕРЛІК

БАТЫР ҚАЗАҚТЫҢ БІРЕГЕЙІ

Қазақта бұл фәниден батыр да, ақын да, дарын да өткен. Соның ішінде жасындай жарқ еткендері де аз емес. Небәрі 21 жасында комбат болып, Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен қазақтың өр мінезді, қайсар ұлы «кіші Бауыржан Момышұлы» атанған Ратай Сұлтанбековтің жөні бір бөлек.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Даңқты тұлғаның туғанына 100 жыл толды. Алматыда, туған жерінде батыр есімін ұлықтауға байланысты біршама істер атқарылды.

Осы орайда батырдың немере інісі, туысы әрі мұраларын жинаушы, жаңғыртушы Кенішбек СҰЛТАНБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.

— Кенішбек аға, Ратай Сұлтанбеков майдан даласына қалай аттанды, кеңірек тоқталсаңыз?

— Бұл кісі соғысқа Алматының Алмалы ауданынан аттанады. Нақтырақ айтсақ, қараша айында кетеді. Осындағы әскери комиссариаттан Украинаның Львов қаласына жолдама береді. Сондағы атқыштар дайындайтын училищеде жаттығады. 1941

жылы соғыс басталғанда, сол жақтан майданға жіберіледі. Осылайша қан майданға взвод командирі ретінде қатынасады. Сөйтіп, командир болып жүргенде, 1943 жылы Әбу Сәрсенбаев барады. Сонда Омарғали Құдышев деген кісі болған. Полктің бас редакторы екен. Ол Солтүстік Қазақстанның тумасы, жауынгер қаламгердің бірі. Бәрі қатарлас болған. Ратай ағамызды кіші Бауыржан Момышұлы атапты. Кезінде Әбу ақсақалдың үйінде болдық. Үш рет сұхбаттасқанбыз. Көп естелік айтқан. Оны алда айтамын.

— Батырымыздың ел біле бермейтін ерекше қырлары туралы айтсаңыз?

— Сонда, жазушы Әбу ақсақалдың пікіріне қарағанда, ерекше адам болыпты. Ертен шабуылға шығатын болса, бүгін түнімен ұйықтамайтын дейді. Қаншама уайым шегіп, қаншама жігерді алдын ала жұмсап, ойластырып отырған. «Ертен қанша үйге қара қағаз жіберем» деп ұйқы көрмейтін дейді. Адамгершілік қасиеті, кісілігі жоғары адам болыпты. Сол батальонда егде адамдар да соғысыпты. Солардың бәрінің үйінде неше жан, оның бала-шағасы — бәрін біліп отырыпты. Көрдің бе?! Тағы бір оқиға. Қарсы полктерде әкесі немесе ағасы, туысы болса, соған түнде кездестіруге жіберіпті. Қандай адамгершілік! Өздерінің батальондарының туына дейін болғанға ұқсайды. Қоластында әр жақтан жиылған 700-дей сарбазды ұйыстырады. Танқаласыз. Бұл сол Әбекен айтқан естеліктердің бір парасы еді.

Өзіңіз ойлаңыз?! Балалар үйінде өседі. Шамамен 10 жасында тапсырылған. Онда жүріп білімге құмартады. Өте сауатты. Орысша және қазақша ағып тұр. Ұзын бойлы. Қарулы, қуатты. Өткір әрі жігерлі. Өңі келіскен жігіт. Нағыз бұрынғының батырларындай. Оның атасы да батыр болған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде көзге түсіпті. Байназар атты бабасы қалмаққа қарсы кезекті соғыста ерлік көрсетеді. Сол уақытта жараланғанына қарамастан, өз жарасын өзі тігіпті. Не деген батырлық десеңізші?! Қанда бар ғой.

— Жас ұрпаққа өнеге деп қай қырын айтар едіңіз?

— Е-е, шырағым. Қай жағынан алсаң да, үлгі-өнегесі жетеді. 20-дан асқан шағында комбат басқару өнеге емей, немене?! Нағыз өнеге деп осыны айтамыз. «Қызыл Жұлдыз» орденінің бірнеше мәрте иегері атанады. Мұның барлық дәлелдемелері құжат түрінде бар. Архивтерде де сақтаулы.

Қазіргі таңда «Жаңа Қазақстан» деп жүрміз. Өте жақсы бастама деп білемін. Өскелең ұрпақ өткенді ұмытпаса. Шежіреге қанығып өссе. Жаңашылдық деген осы емес пе?! Өлгінде, сөз басында айттым ғой. Академияда оқыған бірінші қазақ екен. Ар жағын өзіңіз бағамдай беріңіз. Негізі, көбісі ол оқуға генерал атанғаннан соң баратынға ұқсайды.

Соғыс уақытында жараланып елге келеді. Төртінші мәрте контузия алады. Содан майданға аттанбас бұрын болашақ ойларымен бөліседі. Туыстарына мамыр айында соғыс бітетінін, ары қарай әскери жағын жалғастыратынын айтады. Бұл қарап тұрсаңыз, ағамыздың 10 қаңтарда айтқан соңғы сөздерінің бірі екен. Бұл кісі үш орденнің иегері. Нағыз батыр. Мұны қайталап айта беруге де болады. Өнеге деген осындай деп білем. Халқымыздың арда ұлы, қайталанбас тұлға. Әбу Сәрсенбаев дейтін қазақтың біртуар жазушысы бірде: «Кенес Одағының батыры атағын алатын бірден-бір жан болса, осы біздің Ратай Сұлтанбеков еді» деп көзіне тебірене жас алыпты.

— Батыр есімін насихаттау, жас ұрпақтың жадына сіңдіру бойынша алда қандай істер атқару ойда бар?

— Жуырда қолыма халық жазушысы Әбу Сәрсенбаевтың «Сенің бақытыңды қорғағандар» атты көне кітабы қолыма тиді. Бір таныс жігіттер электронды нұсқасын жіберіпті. Жоғарыда айтқанымдай, жазушының өзі ағамызбен бірге майдандас болған ғой. Кітапты оқып отырсаң, көзге жас еріксіз келеді. Жиырмадан асқан жігіт осыншама ерлік жасайды. Қайран қаламыз. Кейде мені Ратай ағамыздың рухы қысады. Егер мен ол кісінің ерлігін насихаттамасам, кім істейді?! Сондықтан жандарым, газет-журнал, телевидение, радиодан айтып жүруді парыз санаймын.

Әлі де айтылар ойлар жеткілікті. Десе де, қысқаша қайырғанда, айтатын ой біреу. Ол кісінің 100 жылдық мерейтойы өтті. Осындағы Медицина университетінен такта ашылды. Еске алу кештері болды. Алда деректі фильм дайындалуда. Бар ойымыз, қазақтан шыққан тұңғыш комбат, 21 жасында батальон басқарған тұлғаның есімі өшпесе, өзі туған Жамбыл облысы, оқыған Шымкент, Алматы, Қызылорда қалаларында әлі де ұлықталса дейміз. Көше беріліп, «Отан қорғаушылар» күнінде билборд ілінсе, қалалық ардагерлер үйінен ескерткіш бұрыш ашылса, мектеп атауын иеленсе, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, ол біз үшін, халқы үшін күресті. Қан майданда жан берді. Қорытып айтқанда, ерліктің ерен үлгісін танытты.

— Әңгімеңізге рахмет!

ӨМІРДАСТАН

АРДАГЕР ҒӘМ АРХЕОЛОГ

Көрнекті археолог, тарих ғылымының докторы Кемал Ақышев әлемге әйгілі Бесшатыр қорымындағы сақ пирамидалары, Алтын жауынгер табылған Есік қорғаны, көне Отырар, Ұлы Жібек жолының ортағасырлық қалалары мен Сарыарқаның солтүстігіндегі Бозоқ қонысы сынды қазақ даласындағы қасиетті мұраларды ұлықтаған танымал тұлға. Энциклопедист ғалымның ежелгі және ортағасырлық Қазақстан мен Еуразияның археологиясы, тарихы, өнері, этнографиясы саласындағы іргелі зерттеулері қазақ мәдениетіне өлшеусіз үлес қосты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Кемал Ақышев 1924 жылы 23 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Әйгілі Шормановтар әулетінің ұрпағы кішкентай Кемал ашаршылық жылдарында ата-анасынан, бауырларынан ерте айырылған еді. Ол нағашы ағасы Қаныш Сәтбаевтың арқасында өсіп ержетеді. Оның балалық шағы Жезқазған өңіріндегі Қарсақпайда Сәтбаевтар отбасында өтіп, жастайынан геолог болуды армандайды. Кемал соғыстың алғашқы жылдарында Алматы қаласындағы №25 орта мектепті бітіріп, өз еркімен майданға аттанады. Кемал Ақышев 1942 жылы шілдеде Алматы қаласының Сталин әскери комиссариатынан Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1941 жылы қазан айында эвакуацияланған Самарканд қаласында орналасқан Воронеж байланыс училищесіне жолдама алды. Училищеде атқыштар батальондарына байланыс взводының командирлері дайындалды. Оқыту жеделдетілген бағдарлама бойынша тоғыз ай бойы өтті. Олар күніне 12 сағат оқып, байланыс, электротехника, морзе алфавиті, әріптік баспа құрылғылары, тыңдау пәндерін оқыды.

1943 жылы наурызда техникумды лейтенант шенімен бітіріп шығады. 1943 жылдың наурыз айынан Ұлы Отан соғысына қатысқан 19 жасар жауынгер 230-атқыштар дивизиясының кіші офицері болды. 1943 жылдың көктемінде Воронежді азат ету шайқасына алғаш қатысып, төсін окқа тосты. 230-шы атқыштар дивизиясы үшін алғашқы ірі әскери операциялардың бірі — 1943 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Донбастағы шабуылға қатысуы болды. Сталин атқыштар дивизиясының 230-атқыштар полкінің 990 бойынша №13/Н бұйрығында былай деп жазылады: «Қызыл Армия байланыс ротасының радиостанциясының бастығы жауынгер Ақышев Кимал (соғыс кезіндегі құжат бойынша Кимал) «Әскери қызметі үшін» медалімен марапатталсын». 1943 жылы 6 қыркүйекте Макеевка қаласын азат ету үшін ол радио бөлімшелерімен үздіксіз байланыс орнатып, соғыстың сәтті аяқталуын қамтамасыз етіп, аман алып қалды. 1943 жылы 19 қыркүйекте жау танктерінің алапат отының арасында Работино ауылы үшін ұрыста байланыс орнатты, соның арқасында танкіге қарсы шабуыл тоқтатылды.

Жиырма жасар лейтенант Ақышев бірқатар госпитальда емделген соң, 1944 жылдың



қысында әскерден Алматыға қайтарылады. Қаныш Сәтбаевтың кеңесімен жас К.Ақышев ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түсіп, студент ретінде Ә.Марғұлан мен А.Бернштамның жетекшілігімен қазба жұмыстарына қатысады.

Сонымен, жас археолог Кемал Ақышев Қазақстанның көне жәдігерлерін іздегісімен ашудың жарқын да қиын экспедициялық өмірін бастаған еді. Профессор Кемал Ақышев 50 жылдан астам ғұмырын отандық археология саласына арнады, жалпы қазақстандық археологияның даму стратегиясын айқындаған отандық археологияның негізгі жетекшілерінің бірі болды. Ол 200-ден астам ғылыми еңбек пен 15 монографияның авторы, ғалымның көптеген ғылыми ізденістері өндіріске енді (костюмдерді

қайта құру, мұражай-қорықтарды құру, ГЗИ және т.б.). Ғалымның монографиялары Қазақстан археологиясы мамандарының анықтамалық кітабы болып табылады.

Қазақ археологиялық мектебінің негізін қалаушы Кемал Ақышев — Ұлы Отан соғысының қатысушысы, «Құрмет белгісі» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған, I дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері. «Парасат» орденін алды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы мен Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты және Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Оның есімі Қазақстанның «Құрмет кітабына» лайықты түрде жазылды.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ШЕШІМ

Мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №2/195 қаулысы мен Алматы қаласы Мәслихатының 2022 жылғы 6 мамырдағы №131 бірлескен шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 6 мамырда №27918 болып енгізілді.

Алматы қаласының көшелеріне атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2022 жылғы 5 сәуірдегі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 11 сәуірдегі қорытындыларының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

- Келесі көшелерге атаулар берілсін:
Алматы қаласы Алатау ауданы «Нұркент» шағынауданы бойынша:
жобалық атауы №1 көшеге – Аднан Мендерес көшесі;
Алматы қаласы Бостандық ауданы «Ерменсай» шағынауданы бойынша:
жобалық атауы №2 көшеге – Жақсылық Үшкөмпіров көшесі;
жобалық атауы №4 көшеге – Қаршыға Ахмедияров көшесі;
жобалық атауы №5 көшеге – Шолпан Жандарбекова көшесі;
Алматы қаласы Бостандық ауданы «Нұр Алатау» шағынауданы бойынша:
жобалық атауы №12 көшеге – Ғазиза Жұбанова көшесі;
жобалық атауы №13 көшеге – Кәкімбек Салықов көшесі;
Алматы қаласы Бостандық ауданы «Нұрлытау» шағынауданы бойынша:
жобалық атауы №6 көшеге – Роза Жаманова көшесі;
Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша:
жобалық атауы №2 көшеге – Тимофей Седельников көшесі;
жобалық атауы №7 көшеге – Мәшһүр Жүсіп көшесі;
Алматы қаласы Медеу ауданы «Алатау» шағынауданы бойынша:
жобалық атауы №14 көшеге – Лев Гумилев көшесі.
- Алматы қаласы Алатау, Бостандық, Медеу аудандарының әкімдері, «Алматы қаласы Стратегия және бюджет басқармасы», «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы», «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемелері осы бірлескен қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы бірлескен Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы мен Алматы қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ**

Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы **С.КАНКУРОВ**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Тұрғындармен кездеседі

2022 жылғы 17 мамырда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 28 мекенжайдағы «№90 мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ-де Алматы ауданының әкімі Е.І.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қала мәслихатының депутаттары, прокуратура, Ішкі істер органдарының қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер: Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алматы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімінің, қалалық басқарма өкілдері және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

«Алматы қаласы бойынша тексеру комиссиясы» КММ «Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 21, 5-блок бойындағы 3 және 4 қабаттардың әкімшілік үй-жайларын қайта құру» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша қоғамдық талқылауын өткізеді.
Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Алматы қаласы бойынша тексеру комиссиясы» КММ.
ҚОҚ жобасының әзірлеуші Баймаханова ЖК: тел: 8 707 947 69 47 эл.адрес: bgm-86@mail.ru.
Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған бірыңғай экологиялық порталда – ecorportal.kz.
Барлық ескертулер мен ұсыныстар 20 мен 27 мамыр аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай экологиялық порталға – ecorportal.kz жолдауға болады.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 11 МАМЫРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 1 099 667

II компонент: 957 935

Жасөспірімдер

I компонент: 835 065

II компонент: 769 560

Жүкті әйелдер

I компонент: 38 798

II компонент: 34 099

Бала емізетін аналар

I компонент: 137 877

II компонент: 124 108



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

Балалар
жылы
2022

Жас жеңімпаздар



Алматылық оқушылар АҚШ-та өткен робототехника құрастыру сайысында топжарып, үздік атанды. Олар Challenge Solution Award – «Үздік жобалық шешім» номинациясында дрондары бар пойыз жобасымен жеңіске жетті.

Досбол
АТАЖАН

7–9 жас аралығындағы робототехника бойынша First Lego League әлем чемпионаты Хьюстонда өтті. 2022 жылы әлемнің түкпір-түкпірінен келген оқушыларға арналған жарыстың тақырыбы жүк тасымалы болды. Биыл әлемдік форумға алғаш рет LEAS қосымша білім беру орталығының атынан Қазақстан командасы қатысып отыр. Алматыдан келген жас өнертапқыштар тиімді жүк тасымалдаумен байланысты өзекті мәселелерді шешудің бірнеше тәсілін ұсынды. Олардың арасында дрон орнатылған пойыз жобасы бар. Біздің бүлдіршіндердің әзірлемесіне әлемге әйгілі Google америкалық корпорациясы қызығушылық танытып, оның өкілдері қазақстандық чемпиондарды болашақта олардың жетекші инженерлері болуға шақырды.

– Қазақстандағы басты көлік жолдарының бірі – теміржол. Еліміздің үлкен аумағында қалалар көп емес. Сондықтан шағын қалаларға жүк жеткізуді жеңілдету үшін біз дрон орнататын базасы бар өзіміздің пойызды құрадық. Жаңа технологиясы бар пойыз белгілі бір аялдамаға жақындағанда, дрондар одан ұшып, арнайы «дрон қабылдау базасына» қонады. Олар сол жерде артық жүкті қалдырады да, содан кейін пойызға оралады. Бұл сәлемдемелерді жеткізуді және өңдеуді тездетеді, – дейді жоба жетекшілерінің бірі Даниэль Ким. Алматылық өнертапқыштар әлем чемпионатында өз жобаларын көрсету үшін «Балалар жылы» аясында тоғыз ай бойы қарқынды дайындалған.

Айта кеткен жөн, робототехника бойынша әлем чемпионатына барлығы 60 команда қатысқан.



ҚҰРМЕТ

Бір минут
үнсіздік

Алматыда орналасқан жасөспірімдер колониясында Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Түзеу мекемесінің қабырғасында түрлі кештер өтіп жүрген залды сотты болған балалар өздері безендіріп, қабырға газетін, суреттер іліп, гүлдермен көмкерді.

Балалардың бұл мерекені ерекше атап өтуге ықыласты болғаны бізді де қуантты. Өйткені, кезінде аяғын жаза басып, істі болған жеткіншектердің темір торға камалса да жүрегінде әлі де Отанға, елге, жерге деген құрмет бар. Олардың үлкен ізденіспен шығарған қабырға газетінде азапты жылдар және бейбіт өмірдің қадір-қасиеті бейнеленген.

Балалар қан майданда мерт болған, Отан үшін жанын қиған бабаларды бір минут үнсідікпен еске алды. Жеткіншектер соғыс туралы өлеңдер оқып, ән де салды.

Ал бүгінгі таңда шекарамыз шегендеулі. Ел тыныштығының күзетінде кірпік қақпай сарбаздар тұр.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АДУЫНДЫ АПТА

Бүкіл жемістің тағдыры осы күндері шешіледі. Қазір «Саратан – Зауза» амалы жүріп жатыр. Аржағында «Күйек», «Құралайдың салқыны» амалдары кезегін күтуде. Бәрі де қауіпті, желді, селді амалдар...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Мамыр малдың ішегіне май жүгіретін ай. Қазекен бұл айды майішек деп атаған. Майішек атанған мамырдың алғашқы екі аптасы бүгін бітеді.

Бүгінгі «Саратан–Зауза» амалы кірді, мамырдың он бесінде шығады. Осы апта әртүрлі амалға толы. «Көкірек-шал», «Күйек» «Құралайдың салқыны» сияқты амалдары бар.

Мамырдың алғашқы онкүндігінде орын алған алай-дүлей жел, нөсерлі жаңбыр «Қызыл жұмыртқа» амалының әсері. Бұл кезде дала (су) құстары жұмыртқа басып, балапан шығарды. Бұл құбылысты бұрынғылар «Қызыл жұмыртқа» амалы деп атап кеткен.

Үш-төрт күн қатарынан ыстық болып тұрды. Ер кісілер жейдемен, бикештер көйлекшең жүрсе, бозбала мен бойжеткен шалақ шалбар киді. Айдың 10-ы күні түс ауа табиғат тосын мінез таныта бастады. Жел тұрды, аспан түнерді, әуелі сіркіреп, артынан дүркіреп нөсер құйды. Түн ұзақ жаңбыр жауды. Бұл «Саратан–Зауза» амалының басталғаны еді...

Алматыда биыл жеміс ағаштарының бәрі гүлдеді. Қазір түйнектеп тұр. Ерте пісетіні өрік пен шие. Сосынғы кезек алманыкі. Алма демекші, биыл алма ағаштары көп салды. Ендігі әрекет сол өнімдерді төкпей-шашпай жинап алуға жұмылдырылуы тиіс. Жасыратыны жоқ, қаланың базарлары мен дүкендерінде Алматының емес, шетелдің алмасы қаптап тұр. Биыл бұйырса, өзіміздің алманы жейміз бе деген үміт те жоқ емес. «Саратан–Зауза» мен «Құралайдың салқыны» амалдарынан аман қалса, әрине.


Бұлайша қауіптенуіміз негізсіз емес. Аптаның соңына қарай болатын суық желден (дауылдан) – «Құралайдың салқыны» осыдан аттай 37 жыл бұрын, мамыр айының 17-сі күні, қар жауып, жеміс ағаштарын қиратып, түйнектерді жапырып кеткенін естияр қауым ұмыта қоймаған болар. Ол қазақша жыл санауымыз (жыл қайыру) бойынша, сиыр жылының көктемі болатын. Әрине, оның бетін ары қылсын. Дегенмен, «сақтықта қорлық жоқ» екенін естен шығармағанымыз жөн.

«Саратан–Зауза» амалы қазір жүріп жатыр. Онымен қабаттасып енді «Күйек» амалы кіреді. Басқаша аталуы – «Қыр күйек». Мамырдың 25-іне дейін жалғасатын бұл амал – түз андарының күйегі түсіп, төлдейтін мезгілі. Осы кезде алдымен баяулатып жел соғады. Сосын бірнеше күнге созылған сылбыр жаңбыр жауады...

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін мамырдың –12-сі,



ІЗГІЛІК

Зағип жандар қуанып
қалды

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/18 мекемесінің ұжымы Рамазан айында үлкен сауапты іс жасап, мүгедек жандардың отбасына материалдық көмек көрсетті.

Жалдамалы пәтерде тұратын отағасының көзі мүлдем көрмейді екен. Әйелінің де көзі нашар көреді және екі ұлы да мүгедек. Отбасындағы екі қыз балабақшаға барады. Осындай тағдыр тауқыметіне тап болған отбасы барын естіген тергеу изоляторының жеке құрамы оларға көмек көрсетуді ұйғарды.

Түркісіб ауданында тұратын зағип жандар қасиетті Ораза айында өздерін елпелі, көмек қолын созған жандарға алғысын жаудырып, ризашылығын білдірді.



САЙЫС

Достық қымбат



Алматы қаласының ҚАЗЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында халықтар достығы мерекесіне орайластырып спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

Басты мақсат – жасөспірімдерге көпұлтты еліміздегі халықтар достығының бейбіт өмірдің кепілі екендігін түсіндіру. Сондай-ақ, бір-біріміздің тілімізді, дінімізді, рухани құндылықтарымызды құрметтеуге шақыру.

Жеткіншектер шахмат, үстел теннисі мен шағын футбол ойындарымен жарысты. Спорттық жарыста 2-ші жасақтың жасөспірімдері белсенді болды. Жеңімпаз командаларға шағын сыйлықтар, мақтау қағаздары берілді.

Нұр ЖАМАЛ.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылысына қарап жасалған жорамал:

- * Көктемде жылқы ықтаса, келер қыс қатты болады.
- * Күн ерте күркіресе, мол шөптің белгісі.
- * Ай қораланса, бұршақ пен жаңбырлы болады.
- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, жаз аптапты, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, жаз ыстық, қыс жайлы болады.

ай есебінше – 11-і, қазақша – енді екі күннен кейін ай басталады. Апта айдың басын да, ортасын да, соңын да қамтып тұр. Жауын-шашын, салқындық, күн күркірі, найзағай «ойыны» болуы әбден мүмкін...

Бабаларымыз осы аталмыш амалдардың әрқайсысынан сақтанып, алдын алып отырған.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Киногерлер ағаш
отырғыздыНұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы төрінде орналасқан «Қазақфильм» киностудиясының аумағына еліміздің белгілі киногерлері 80 түп ағаш отырғызды.

Іс-шараның ашылу салтанатында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ президенті Ақан Сатаев, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАҚ төрағасы Есетжан Қосыбаев және қазақ киносының ардагері, киностудияның көркемдік жетекшісі Асанәлі Әшімов сөз сөйледі.

Ақан Сатаев сөзінде қазақстандық киногерлерді біріктіруге бағытталған бұл іс-шара міндетті түрде жалғасын табатынын айтты. Ал Есетжан Қосыбаев киностудия басшылығына алғысын білдіріп, қазақ киносының саны арта берсін деген тілек білдірді.

Ағаштарды отырғызу шарасына режиссерлер Дәрежан Өмірбаев, Рүстем Әбдірашев, Рашид Нұғыманов, Серік Апырмов, Әділхан Ержанов, Фархат Шарипов, Ернар Нұрғалиев, Эля Гильман, Серікбол Өтепбергенов, Қанат Бейсекеев, актерлар: Меруерт Өтекешева, Ерболат Тоғызбаев, Байкенже Белбаев, Альмира Тұрсын, Шыңғыс Капин, Азамат Сатыбалды, Әсел Сағатова, Қарлығаш Мұхамеджанова, Төлепберген Байсақалов, Жан Байжанбаев, Айдос Бектеміров, Әнуар Нұрпейісов, Асқар Илиясов және басқа да елге белгілі өнер өкілдері қатысты.